

Самат Мәненұлы


АМАМЕКЕН



Ертістейін орталық
кітаханасына
Бекеріткіш.

С. Мамықұлов

13.07.2016 те.



Осы жыр жинағын Ертіс ауданының ауыл - шаруашылық еңбеккерлеріне арнаймын.

Сағат Мәненұлы

АТАМЕКЕН

2016

АЛҒЫ СӨЗ

Өткен 2015 жылдың қазан айында жарық көрген алғашқы жинағымның алғы сөзінде «осы уақытқа дейін жазғандарым баршылық, мүмкіндік болса, жалғасын табар деген үміттемін»-деген едім. Алланың нұры жауып, үмітім орындалды. Кеңес дәуірінде, одан кейінгі уақыттарда қызметтес болған өнер сүйетін, өнер сыйлайтын, қала берді өз басымды сыйлайтын жолдас-жоралардың арқасында екінші жыр жинағын шығаруға мүмкіндік туып отыр. Демеушілік көрсеткен азаматтардың барлығы аудан, облыс көлеміне кеңінен танымал егіншілікті кәсіп еткен беделдері бекем іргелі Ағашорын ауылынан. Бала кезіңнен жүрегіңде әлдилеген арманыңды, немесе жалпы ойлаған ойыңды жүзеге асырудан артық бақыт болып па? Жанымды жадыратып, таңымды жарқыратып, үмітіме қанат байлап жыр биігіне жетелеген сол азаматтарға ғарыштай шексіз алғысымды жеткізе отырып, олар жәйлі бір-екі ауыз сөз айта кетуді жөн санадым. Бүгінгідей тар, күрделі заманда өнер үшін қол ұшын беріп көмектесуі, біріншіден үлкен өнерден алыс емес адамдар екенін дәлелдеп тұрса, екіншіден өнердің, қазақы салт дәстүрдің жанашырлары екенінің де айғағы.

Аудан орталығы Ертіс ауылынан 100 шақырым жерде, құрылғанына өткен жылы 60 жыл толған бұрынғы Пушкин атындағы кеңшар (кеңестік шаруашылық), қазіргі Ағашорын ауылы орналасқан. Кеңес дәуірінде қырында жайқалтып егін, төскейінде мыңыратып мал өсірген берекесі бекем, халқы еңбекқор іргелі шаруашылық еді. Егіс көлемі 30 мың гектардан асып жығылатын. Жұмыр жердің алтыдан бір бөлігін алып жатқан алып мемлекеттің іргетасын шайқаған әйгілі Желтоқсан оқиғасынан кейін алтыдан жылдан соң, Ертістің егінді даласын-

да да Тәуелсіздік туы желбіреді. 70 жылдан астам уақыт байтақ қазақ даласына үстемдік еткен алып мемлекет әлем картасынан жоғалып, жақсылығын да, жамандығын да өзімен бірге ала кетті. Жөн жосықсыз оңтайландыру салдарынан ауыл азып, жер тоза бастаған сол кез, көбіміз әкесінен айырған баладай жетімсіреп қалғанымыз рас. Қырындай соққан, құйындай кенеттен соққан дәуір желінен, аудан аумағындағы көптеген ауылдар, кейбір өзінің қарақан басынан басқа ештеңе ойламаған, келешектің кемелді кемерін көре алмаған жетесіз жігіттердің берекесіз істерінен шашылып қалды. Енді жинап алулары кәдік пе деймін? Ал Ағашорын, ел байлығын, ұстағанның қолына, тістегеннің аузына жібермей, жіберсе де, қоңдысын, өңдісін бермеген, өткенді естен шығармай, бүгінгіден ертеңін көп ойлаған ақылды ойлы, білімді білгір, бәрінен бұрын ауыз бірліктері жарасқан ауыл азаматтарының арқасында, мұрты бұзылмай аман қалды. Соларды жас шамаларына қарай атап өткен жөн болар. Биікпай Бәделханұлы Адраисов, еңбек жолын осы ауылда бастады. 20 жылдан астам уақыт Западный кеңшарында бас инженер қызметін атқарды. Пушкин кеңшарының соңғы директоры, кезінде: туған ауылыма алақұйын заманда келдім, көздегенім осы ма еді деп, әріптес ретінде менімен мұң бөліскені бар-тын. Бүгінгі күн тұрғысынан қарасаңыз, тағдырдың сол бір сәтсіздігі, өзі үшін де, жалпы жерлестері үшін де алдағы жақсылықтың бастауы болған екен. Үстіміздегі жылдың қаңтарында зейнеткерлікке шыққан Биікпай замандасымыз «Нұр» ШҚ басшысы. Балғабай Кайыркенұлы Бәкішев, еңбек жолын жүргізуші болып бастап кеңшардың бас инженері қызметін жемісті атқарған абыройлы азамат, аудандық маслихаттың соңғы шақырылымының депутаты, «Замандас» ШҚ басшысы. Ақжарқын,


ашық мінезімен, іскерлігімен есте қалған азамат Қайрақпай Ережепұлы Байғазинов еді. Туған ауылында зоотехник, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарды. «Еңбек» ШҚ басқарды. Өкінішке орай 2013 жылы өмірден озды. Қазіргі таңда «ат тұяғын тай басар» дегендейін әкесінің абыройлы ісін баласы Ерғанат Қайрақпайұлы жемісті жалғастырып жүр. Ербол Аманжолұлы Сейдахметов ішкі істер қызметінің ардагері. Әскери борышын шекараға қызметінде атқарып келгенен соң, Қарақұдық, Ағашорын ауылдарында ұзақ жылдар учаскелік инспектор қызметін атқарып майор шенінде зейнеткерлікке шықты. «Данат» ШҚ басшысы. Міне, осы аттары аталған азаматтардың іскерліктері, ұйымшылдықтары арқасында Ағашорын ауылы, Кеңесүкіметі тұсындағы деңгейіне жақындап қалған сыңайлы. Ежелден егіншілікті кәсіп еткен ауылда егін шаруашылығымен айналысатындар көп-ақ, дей тұрғанмен жер көлемі жағынан, өндіретін өнімдерінің көлемі жағынан да ірілері осылар. Ауылдағы атқарылып жатқан игілікті істердің, әртүрлі мерекелік шаралардың ұйымдастырушылары, өткізушілері осы шаруа қожалықтары. Ауыл мектебі осы азаматтардың тікелей қамқорлығында. Өткен жылы қазан айында өткен ауылдың 60 жылдық мерекесі, осы абзал азаматтардың ұйымдастыруымен өтті десем, асылық айтқаным емес. Ауылдағы тағы бір іргелі «Нива» шаруа қожалығын Дәурен Балғабайұлы Бәкішев басқарып жүр. Ауылшаруашылық маманы Дәурен, ауылдың егіншілеріне жаңа үрдіс әкелген сыңайлы, ол егіншілікке әлемдік деңгейдегі заманауи технологияны пайдалану, науқандық жұмыстарды шетелдік алымды ауылшаруашылық техникаларымен өткізу, қолға ілінген дақылдарды себе бермей нарық сұранысына қажетті дақылдарды егуді қолға алып, облыстық ғылыми зерттеу институтымен тығыз бай-

ланыста жұмыс істеп жүр. Дәурен аудан көлемінде ата, баба кәсібін жалғастырып жүрген жаңа заман өкілінің алғашқы толқыны.

Ауылдың 60 жылдық мерекесінде Балғабай Қайыркенұлы: Егер Пушкин кеңшары нағыз биік көрсеткіштерге жеткен кезінде 33 мың га егін салса, биыл шаруа қожалықтары егіс көлемін 30 мың га жеткізді. Бұл ауылдың өз бетінше инвесторларсыз күн көре бастаған уақыттан бергі үздік көрсеткіш десек те, егіс көлемін бүгінгіден ұлғайтуға мүмкіндік мол деген еді. Ендеше, әр шаруа қожалықтары қиыншылықтарын ешкімнің мойнына артпай, ауылдарын заман үрдісіне лайықты өркендетіп, ауыл тұрғындарын жұмыспен отырған азаматтарға адами алғыстан басқа айтарым жоқ.

Осылармен қатар осы кітаптың басылуына қол ұшын берген, кезінде Ленин кеңшарында бас зоотехник қызметін атқарған, қазір осы ауылдағы «Тоқтауыл» шаруа қожалығының басшысы Қайыргелді Нұрғазыұлы Көпбаевқа да Алатаудай алғысымды жеткізем.

Автор



ТУҒАН ЖЕР

Шағала

Шағала аппақ шағала,
Көгілдір көлдің серігі.
Бейкүнә сәби баладай,
Мөлдір ме екен көңілі?

Шағала, аппақ шағала.
Көліне туған берік құс.
Еліксіз мына даладай,
Өзіңсіз көл де көріксіз.

Ұшасың биік топ жазбай,
Нотамен сансыз қиқулап.
Тыншиды толқын қозғалмай,
Сендерден әсем күй тыңдап.

Қорғасын бұлттар ауырлап,
Кетеді көлді жылатып.
Ұшасың төсін бауырлап,
Жүрсің бе екен жұбатып?

Қош боп тұр көлдің серігі,
Жыраққа ертең жол шегем.
Қашанда шіркін, көңілім,
Сендердей аппақ болса екен.

1967 ж.

Құрбы қыздар

Көктемгі жауқазындай көк еді ғой,
Жатпайтын ол кез тұнып тереңінде ой.
Сыныптас, замандас қыз құрбыларым,
Жұлдыздай аспандағы көп еді ғой.

Күн зырлап болашаққа жалғап үміт,
Кеткенбіз жырақтарға арман қуып.
Қай бірі таңдап алды осы жолды,
Етуге өрелі еңбек таңнан тұрып.

Қалыспай жігіттермен жүріп бірге,
Алмадай ақша беттер күйіп күнге,
Құрбылар малын баққан, егін еккен,
Бола алар сүйіктім де, сүйіктің де.

Отымен жалындаған жастығының,
Тербетіп жүрегінен жақсы бір үн,
Кешкілік сахынада ән шырқайды,
Би билер жонда ойнатып қос бұри

Жоқ қазір оқушылық бала кезі,
Ауылдың ақмаңдайы, қаракөзі,
Жұлдыздай аспандағы көп құрбылар,
Азайып күннен күнге бара ма өзі?

1968 ж.

Сыныптастар

Бозбала шағым гүл жарып күнмен көктеген,
Балауса арманды бөлісуші едік көпенен.
Ауылдан алыс қиырға бізді әкеткен,
Тағдырлар қалай өктем ең?

*Жанымыз бірге, әніміз бірге жарасып,
Күтуші едік жұлдызды түнді, таңды ашық.
Бойжеткен қыздар, бозбала жігіт білдік пе?
Кетерімізді қаншама қыр мен бел асып.*

Көңілде дақ жоқ.
Парақтай аппақ санасы,
Шағала көңіл ауылдың бір топ баласы.
Ұшқыр арманды албұртқан бізбен бөлісіп,
Жататын еді Зайсанның құмдақ жағасы.

Қоштасар сәтте көздерден мөлдір жас тамып,
Тылсым дүние біздерді қайда қашты алып?
..Туған ел, ата мекенге дейтін махаббат,
Күндерден сол бір кеттіме екен басталып?

1968 ж.

Сағыныш

Тербетіп қиял, сезімді,
Жаныма мұңлы ой салдың.
Сағынам дәйім өзіңді,
Қоңыраулы көлім Зайсаным.

Сағынам тентек толқынды,
Сырларын талай тыңдаған.
Балалық шақтың-бал күннің,
Мекені еді-ау құм жағаң.

Сүңгуші ем мөлдір суыңа,
Төсіңді қанша боп шарладым.
Толқында туды жырым да,
Алғашқы жырым-арманым.

Толқынмен жүзіп жұлдыздар,
Айдыңда ауып жатты аспан.
Аққуың сынды бір қызға,
Жағаңда алғаш сырды ашқам.

Жағаңда өтті бал дәурен,
Ұмыту әсте мүмкін бе?
Өзіңдей енді қалды әрмен,
Балалық шақ та бұл күнде.

Алыста жүрмін бүгін мен,
Балапан мекен бол аман,
Қоңыраулаған жырыммен,
Қоңыраулы көлге оралам.

1969 ж.

Марқакөл

Алтайым табиғаттың арда төлі,
Қазақтың оған жетер бар ма жері?!
Көкшедегі сексен көл сыңарындай,
Шыңдарға тұнып қалған Марқа көлі.

Аядай, шағын ғана өлшемі кем,
Айнала құзар шыңдар семсер ілген.
Мөп-мөлдір бұлтыз күнгі көк аспанның,
Үзіліп жерге түскен бөлшегі ме ең?

Қоршаған қарлы таулар күн құшады,
Толқыны шыңдарымен сырласады.
Қопадан қоңыр аю қорбаң етсе,
Елгезек еліктері шыңға асады.

Керемет. Көз тоймайтын жан жағыңда,
Қабады қызыл балық қармағыңа.
Толқынның айдарында үзік тамшы,
Ұқсайды кенді Алтайдың маржанына.

Сұлуы, сымбаттысы кең даланың,
Саған кеп сусындайды кер маралым.
Тәкәпар қарағайлар жасыл желкен,
Бас шұлғып қарсы алады көл қонағын.

Қалай ғана жаралған тау басына,
Жаратушы иемнің айнасы ма?
Тағдырдың тәлкегіне сан ұрынған,
Халқымның шыңға тұнған көз жасы ма?

Аруы, еркесіндей ортаңғы елдің,
Жәудіреп жанарымды тарта бердің.
«Суы бал, көдесі май» қайран Алтай,
Алтайдың тұмары сен Марқа көлім!

1978 ж.

Мен туған жер

Мен туған жерім, достарым,
Ұядай шағын ауыл бір.
Көкпеңбек мөлдір аспаны,
Көлі де сондай көгілдір.

Айдыны жұтып күн нұрын,
Көз тартқан алыс белеңнен.
Толқының естіп сыңғырын,
Шағала ұшқан өлеңмен.

Жатқан жоқ жаға тау еміп,
Қоршаған дөңдер жатаған.
Толқынның ғажап әуені,
Естілген алыс жотадан.

Суын-ай мөлдір, көкпеңбек,
Толқыны сазды сұңғыла.
Қоңыраулы көл деп ат берген,
Паустовский ғұлама.

Әлдиін айтып, мұң-жырын,
Бесігімді анам тербеткен.
Естігем толқын сыңғырын,
Босана сала жөргектен.

Жүректе жырын жүр айтып,
Алаңсыз сонау шуақ таң.
Тағдырым қалса мұңайтып,
Іздеймін көлді жұбатқан.

Самалмен ойнап толқыны,
Шарықтап көкте шағала,
Сағынам балғын сол күнді,
Мәңгілік қалған жағада.

Аймалап майда жел беттен,
Қоштасқам көлмен көкпеңбек.
Ақының болам деп кеткем,
Ақынның болып жеткем жоқ.

2011 ж.



ЖАЗИРА ДАЛА, ЭЗ ҰЯ АУЫЛ...

Төбелер.

Кең далада шетсіз, шексіз керім
Сағым жуып көз ұшында көрінген.
Жусан басқан, селеу өскен төбелер,
Жер-ананың бетіндегі меңі ме ең?

Тау ма едің әлде бұрын көкті емген?
Алапатта төбе болып шөккен бе ең?
Қай дәуірде жаралғаның беймәлім,
Бауырыңда сыр бар анық бөктерген

Қалған белгі сонау алыс ғасырдан?
Туған жерге тарыдай боп шашылған,
Күлге айналған ауылдардың орны ма?
Шыңғыс қолы шапқан кезде тосыннан.

Одан бері жорығында жоңғардың,
Жолын кесіп жер қайысқан қолдардың,
Батырлардың моласы ма кім білсін?
Сол ұрыста болмай қалған жолдары.

Рулардың қанды кегі керек пе ең?
Бұл даланы жұт та жайлап, оба өткен.
Ел азасын, жер жарасын жасырып,
Жылдар жылжып біз көрместей төбе еткен.

Білме алмаймын қай дәуірде жаралдың,
Білем анық, біткен орны жараның.
Көз тоқтатар көз ұшында бір белгі,
Көз жетпейтін қиырында даланың.

1968 ж.

Қазақ елі

Қазақ елі ешқашан,
Жиылмаған дастархан.
Арқа сүйер дос болсаң,
Ат мінгізем, бас тартам.

Айта көрме кекесін,
Турасын айт. Жоқ шыдам,
Ауылымда өсетін,
Сексеуілдей шорт сынам.

Жерін сүйю-бар мұңы,
Сан шаһарды құм шалған.
Содан елдің тағдыры,
Ащы келер жусаннан.

Шығысханның жорығын,
Шылбырына от ерген,
Жоңғар, Қытай торуын,
Қайыспаған көтерген.

Өткен күнің ерлікті,
Айдан да анық. Сонардай.
Сонда болған бірлікті,
Жүрміз кейде таба алмай.

1991 ж

Сексеуіл

Тілемес көктен жауынды аса,
Аптапта күйсін бар алап.
Құмдарды қуып дауылдар болса,
Жатпайды жерді сабалап.

Тарбиған бойы. Сәндіктен сән жоқ,
Қарағайы емес Көкшенің.
Бетпақта мынау тірі бір жан жоқ,
Мұнармен өскен сексеуіл.

Қыста да, жазда тұрақты түсі,
Кезі аз желек жамылған.
Жер-ана нәрін, қуатын күшін,
Тартады терең тамырдан.

Мұңдасар жан жоқ. мінезі де торсаң,
Оранып өскен сағымға.
Қызу қандай ошаққа салсаң,
Балқиды темір табында.

Жықпайды дауыл. Жармайды жасын,
Күйдірмес аптап қақтаған.
Тағдырға қатал имейтін басын,
Қазағым осы деп қалам.

1991 ж.

Домбыра

Бабалар тағдырының сыйы қалған,
Домбырам төгіліп бер күйің арман.
Ел мұңын-жусан сазын тоқсан тарәу,
Толтырып шанағына құйып алған.

Саусақтар жөнелгенде пернеде есіп,
Көне жыр, көне армандар кеудемде өсіп.
Көсілер көз алдымда қайран далам,
Төсінен үздік-создық керуен көшіп.

Әр пернең әр тағдырдың бастауы ма?
Мына ырғақ жаушы болып шапты ауылға
Қалың ел қабақ ашпай күтуде еді,
Кезікпей жетер ме екен тосқауылға?

Мына ырғақ қайғысы ма қазан аттың?
Жүректі бара жатыр мазалап мұң.
Жоқ әлде, сарғайтқан сағынышы,
Еріксіз елден кеткен азаматтың.

Мына ырғақ қара бұлтқа тұншығады,
Кімдердің жылағаны, сыңсығаны?
Өктемдіктік үні ме үркітетін,
Ызыңдап құлағымда жүрсің әлі.

Маужырап көлге қонған кеш те осында,
Байсалды шеру тартқан көш те осында.
Осында қойшы әні, жылқышы әні,
Айлы түн шырқалатын қос басында.

Мына ырғақ, нәзік сезім-мөлдір неткен,
Мына ырғақ, қыз жүрегі дір-дір еткен.
Мына ырғақ, әлде бәйге, әлде көкпар,
Қиқұлап Сарыарқаны дүбірлеткен.

Қазақтың жаны тұнған шанағына,
Жатады кең көсіліп дала мұнда.
Еліне қуаныш пен шаттыққ сыйлап,
Ханыңды еңіреткен бұл домбыра.

Күй,әні кең даланың тербер бетін,
Нең бар бұл домбырама тең келетін
Ұлысым, тыңдап көрші жүрегіңмен,
Ұққың келсе қазақтың кереметін.

1979 ж.

Тұлпардың мұңы

Қала өмірі тым асығыс күйбелең,
Мұнда басқа шертіледі күй деген.
Автокөлік ортасында ағылған,
Ат келеді ескі арбаны сүйреген.

Кейбіреулер қарағанмен таңдана,
Кейбіреуі мүсіркейді. Сол ғана.
Қауға сақал, сом денелі бір дойыр,
Бос бөтелке артып апты арбаға.

Торығудан тулақ болған денені,
Әлгі неме шыбыртқымен көмеді.
Құлақ құлап, көзін ашып, не жұмып,
Иесінің дегеніне көнеді.

Қайтер енді? Болмаған соң амалы,
Жасқа толып тұрды-ау, әттең жанары.
Кісінесе естір мұнда кім оны?
Еріксіздің көрген күні азалы.

Тұлпары едің жауын жеңген бабаның,
Сағындың-ау түздің әнін-дала әнін.
Жалпақ түздің көк көдесін искесең,
Шоқтай жанып тұрар ма еді жанарың?

Шебер, келдерің зерделеген жұғанмен
Дүрмек топта көкпар тартып жүрер ме ең?
Қос құлағын қайшылаған сәйгүлік,
Әттең, сені қыз қууға мінер ме ем?

Таудың мөлдір бұлағынан қана ішіп,
Тақиядай төбелермен жарысып,
Жүрер ме едің жылқышының астында,
Ауыздықпен алысып.

Білем саған қала өмірі тым тарын,
Күтіп сені төбе, көде, тұр тауың,
Далаңа тарт! Қалың ойлар қажытса,
Тек дала үшін жаратылған, Тұлпарым.

1978 ж.

Арғымақтар

Дүрсілінен тұяқтың мәңгіріп тау,
Екпінінен құлайды тал, құрақтар.
Жүйткіді кең даланың шаңын қағып,
Қызуы қызыл өрттей арғымақтар.

Ел басына күн туған зарлы күнде,
Тер сіңіп, қан да сіңіп терлігіне,
Сан ғасырды өткізген ат үстінде,
Сен куә бабалардың ерлігіне.

Аз боп па бұл даланың дүрбелеңі,
Айналды талай дәуір күлге жері.
Шайқаста мерт болса ер, аза тұтып,
Кететін арғымақпен бірге көміп.

Солтүстік, оңтүстіктен бар бағыттан,
Жау шығып Ноғайлыдан, Торғауыттан,
Қасиетті ұрыста ел қорғаған,
Жеңіспен оралдыңдар сан жорықтан.

Аяңшыл, желісті де, шабысты да,
Ерлердей қызу қанды намысты да.
Темірдей тұяғымен от қашайды,
Далада-мына өзіне таныс қырда.

Қайғысы, қуанышы батырдың да,
Қайғысы, қуанышы ақынның да.
Бәйге шаптың, қыз құдың, көкпар тарттың,
Өрмінез сан жігіттің тақымында.

Құрыш болат тұяқпен жанып тасты,
Қазаққа сендей қанат табылмас-ты..
Сүйіктісін сарғайтпай бабаларым,
Талай ғасыр сендермен алып қашты.

Білмеймін сендер барда жол жырағын,
Созылып ішегіндей домбыраның,
Жүйткі бер кең даланың шаңын қағып,
Қызуы қызыл өрттей, арғымағым!

2000 ж.

Ғажап дәстүр

Ғашықтардың түн бақыты, түн қылық.
Жүрегінде мың қуаныш, мың күдік,
Сүйіктісін алып қашпақ ойы бар,
Жасырынып жақын сайда тұр жігіт.

Сөз байласқан, уәделескен түн бүгін,
Бір тірі жан білмейді оның ұрлығын.
Арғымағы қос құлағын қайшылап,
Аулайды әрбір ауыл жақтың сыбдырын.

Бұл уақыттың қинайтұғын шағы көп,
Қуғындаумен, күтуіңнен ауыр жоқ.
Иттері үріп, бала шықпай ойыннан,
Бойжеткенді күзете ме ауыл боп?

Уақыт, уақыт жылжымайды тосқанға,
Жұлдыз тұнып, ай жүзеді аспанда.
Иттеріне бір-бір сүйек лақтырып,
Жігіттерін байлап, матап тастар ма?

Жұп боп жүру Алла жазған тұмары,
Сюю, кюю мына өмірдің бұл мәні,
Содан, содан жүрек сыймай кеудеге,
Жігітімнің байыз таппай тұрғаны.

Бір көлеңке көлбеңдейді. Таныс жан,
Сәті осы тағдырлардың тоғысқан.
Сүйіктісі сағындырған, күттірген,
Аққу құсы бақыты үшін таңда ұшқан.

Тек сыбдырмен түсінісіп, тілдесіп,
Арғымаққа екеу болып мінгесіп,
Тартып берді қара түнді қақ жарып,
Алау таңда бақытына гүл кешіп.

..Ғажап елім, ғажап менің дәстүрім,
Дәстүріңді есіңе ұста жас буын.
Сүйген болсаң сүйіктіңді сарғайтпа,
Арғымақпен ауылға алып қаш бүгін!

2000 ж.

ҚЫЗ ҚУУ

Әлді ме едің, мықты ма едің тақымға,
Ей, жігітім бас қамшыны атыңа!
Қыз алдыңда жұлдыз болып ағады,
Жібер тізгін, барыңды сал, жақында!

Бұрымында шолпылары сылдырлап,
Жалтылдайды көк аспаннан күнді ұрлап.
Кім сүйеді хас сұлудың бетінен,
Кімге шіркін қонар екен бүгін бақ?

Бас қамшыны, ей жігітім, жетсейші,
Ескен желдей ақша беттен өпсейші!
Қос бұрымды қыпша белден құшақтап,
Жүрегіне бір от тастап кетсейші!

Ат па өзі, астыңдағы мәстек пе?
Жуан қарын ұқсап-ақ кеспекке.
Ер біткеннің бәрін жерге қаратып,
Жұрт алдында болып қалдың бос кеппе.

Жібің бостау болып шықты «Соғынды»,
Ал, тоса бер қамшыға өткір жоныңды.
Сеніміңмен, сенген атың болмаса,
Өмір-қыздан таяқ жеуің орынды.

Бабаларым, неде болсын кіл мықты,
Салт-дәстүрін даналыққа құрыпты.
Көкпарың да, қыз қуу да, бәйге де,
Саралайтын нағыз, нағыз жігітті.

Сыйлаған жөн.

Ал, емешек үзіліп,
Жат дәстүрге қарамайық қызығып.
Өзімдікін дәріптеуге не жетсін?
Мына өмірдің болсын қандай жүзі бұлт.

2000 ж.

Жігіттік

Қорада емес, қалтарыста тасада,
Аракідік мекен жайы осы ара.
Үйде иесі қылықты бір келіншекпен,
Ал, жануар жем болып тұр масаға.

Ауыл тыныш, ұйқыда ғой жұрт әлі,
Бұның шалғын, бұлақ суы-іңкәрі.
Кебірсіген кеңірдегін жібітіп,
Ауыздықтың кермек дәмін жұтады.

Байлаулы әттең, байлау мықты таспада,
Кетер еді күлкі қылып досқа да.
...Қораның ең биігіне шығып ап,
Қораз таныс әнге басты. Масқара.

Атып шықты қолда қамшы, етігі,
Қимыл босаң сөзі бірақ өтімді.
Танау жарып бір бөтен иіс шығады,
Табындағы байтал исі секілді.

Міне сала басты дейсің қамшыға,
Жануарым, шабысты тап.

Ал, шыда.

Бұл ауылдан кеткенің жөн ерте ұзап,
Өсек болмай қатын, қалаш-жаршыға.

Кең даланың нұрға толып ой, қыры,
Жұлдыз сөнді, ұясына ай кіріп,
Ат үстінде әнге басты жігітім,
Дене қызып, шабыс тапты сәйгүлік.

Кінә тағып, айыптауым бекер ғой,
Ойхой жастық, жігіттігім екен ғой.
Күншығыстан таң келеді алаулап,
Жігіт әні «Оу, бұраң бел көкем-ой».

2000 ж.

Шопан

Көп татқан қиындықтың қатал дәмін,
Жолын қуып жүрсіңдер аталардың.
Армысың Қараөткелдің топырағында,
Құллі Ертістен жыылған шопандарым.

Белгілі нағыз еңбек ері екенің,
Басы сендер емес пе берекенің.
Ғасырлар дәлелдеп-ақ келесіңдер,
Ақтылы қой қазақтың төлі екенін.

Өрген қой жайлауыма жарасымды,
Мінезің бар шопаным дала сынды.
Дастархандай кең пейіл Сарыарқада,
Бөлмейді бөтеніңді, алашыңды.

Алаулы беттеріңді жалге сүрлеп,
Анадай түн ұйқыңды бөлесің көп.
Есте ұстап жүрсіңдер бір мақалды,
«Қой өсірсең табысы, көл-көсір» деп.

Бастап тірлік алғашқы күн нұрымен,
Дамылдайсың шегіртке шырылымен.
Айлы түнде қалғисың қой күзетіп,
Бел шешіп қашан дұрыс тынығып ең.

Әндетіп күн де талай қыр асасың,
«Қойшы» дейсің тосыннан сұраса атын.
Сен күйші, сендер әнші, сендер ақын,
Кең даласмен оңаша сырласатын.

Серігің «Құтжолың» бар, бір атың бар,
Шөбі шүйгін ойың бар, қыратың бар.
Сендер нағыз дала ұлы деп білемін,
Табиғатты жанымен ұғатындар.

1992 ж.

Ауыл-арман

Үлкен қала, орталықтан тысқары,
Туған ауыл-кеңдаланың пұшпағы.
Саған деген сағынышым сабырсыз,
Қанат байлап мені өзіне ұшты алып.

Қас қарайып кеткен уақыт күн батып,
Қарлы боран қара жолда түн қатып,
Темір тұлпар жұлдыз болып ағады,
Табиғатқа өктемдігін тыңдатып.

Дұрыс сірә, ұзын жолдың табыны,
Көрінбейді бірақ ауыл жарығы.
Шылым шегіп және маған үж айтар,
Жүргізуші таусып төзім, сабырын.

Жанды зәр ғып келер басқа ой не бір,
Жоғалады ақ боранмен той көңіл.
Ауыл іші төбе, дөңдер ақ қардан,
Қар астынан таптым үйді әйтеуір.

Аға, жеңгем ілтипатпен қарсы алып,
Жағып қойды ортаға әкеп май шамын.
Қазандықтың күлін көсеп, от қаузап,
Жеңгем жатыр қазанына дәм салып.

Дастарханы тұрмаса да майысып,
Дархандығын жүздерінен танысың.
Ауыл, қала, өмір, өнер сөз болып,
Сырластық-ау тек қантсыз шәй ішіп.

Екі-үш жыл ол жұмыссыз қалғаны,
Жеңешенің көшу бопты арманы.
«Не болса да тұған жерден көремін,
Бөтен жерден нан тапқанша сандалып»-

Деп ағамыз отыр орап шылымын,
Бүтіндей ме көңілінің сынығын?
Ата-баба мекені тұр жүректе,
Түсінеді бірақ оның мұңын кім?

Екі сиыр оның екі торпағы,
Күтіп баптар қой, ешкісі бар тағы.
Ауылда өмір төрт түлікке телінген,
Зейнеткерлер бұл жандардан «қалталы».

Жадау өмір, елер дейсің кімді кім,
Әлінше әркім жасап жатыр тірлігін.
Берекесі дәуір желмен жоғалған,
Әзірге осы бүгінгі өмір шындығы.

Ата-баба кеткендей мол сый беріп,
Жұлып жеген мамыражай күйге еніп,
кедей ызақор.
Ауыл іші жатқандай,
Байлыққа да, кедейлікке үйреніп.

Ауыл-арман шаттығымды ап қалдың,
Тілеуім тек сөнбесінші оттарың.
Қараңғы түн қараша үйге бақ тілеп,
Ауылымнан жарлы болып аттандым.

2000 ж.

Ертістің ауылдары

Өткеннің тыңдар болсам ертегісін,
Жусан жылап тарихтан шертеді сыр.
Бүгіні де бүлдеге бөлеген жоқ,
Батырлар мен ақындар өлкесін бұл.

Қалай шалт өзгермесін дәуір заңы,
Қалай қырын соқса да дауылдары.
Берекеге, бірлікке, ырызыққа,
Ертістің қашан толы ауылдары.

Қырын қабақ танытпай келте күнге,
Ұрынып талай тағдыр талкегіне.
Бодандықта тіл, дәстүрді бодыра етіп,
Сенімін жоғалтқан-ды ертеңіне.

Кімдер үшін болса да төгіп терін,
Әйтеуір сақтап қалды ақ тілеуін.
Жер шетіне қиырлап кете алмады,
Қимады ата,баба-өткендерін.

Заманның соққан сәтте қырын желі,
Жетесіз басшылардан түңілді елі.
Байлығы кетіп жатты қыр, бел асып,
Қотыр тай болды қолға ілінгені.

Ай аманда дәулеті жырымдалып,
Оюлы текеметтен құрым қалып,
Қилы заман жоғалтқан қолда барын,
Жинай алмай келеді бүгін халық.

Аусарлар тонап алған берекеңді,
Бір кез келіп іздер ме көлеңкеңді?
Қорым боп қиырымда қалармысың,
Молайтып төбелерін кең өлкенің.

Төңкеріліп, түрленіп жалған жүзі,
Аяңда сан ғасырдың қалған ізі.
Сен жоғалсаң, жоғалар мәңгілікке,
Қазағымның ортаймас дәмі, тұзы.

Ауылдарым, тал бесік ауылдарым,
Сендер барда болмайды жанымда мұң.
Ұядай боп далада жатырмысың,
Көк белдерді көтеріп сағымдарың.

Бабамның қаны тамған атамекен,
Сағынып сарғайғанда саған жетем?
Бәлденіп төсіңнен төр іздемеймін,
Шалқайып шалғыныңа жата кетем.

Бүгінгіңді көргенде жаным жалын,
Кімге айтып мұң, кімдерге жалынамын?
Белді шешіп көк белден береке іздеп,
Бақытыңды өзің тап, Ауылдарым.

2013 ж.

Ауылыма келгенде

Құба белде жел ойнап, сағым жуып,
Алыста жүрек шымшып сағындырып,
Арсалаңдап анамдай келсем жетіп,
Көңіл суып қалады сағым сынып.

Мұңаясың қарттардай шағы жеткен,
Қайран ауыл, мәні де, сәні кеткен.
Жетімсіреп тұрғаның аянышты-ау,
Қорымдай айдалада дәуірі өткен.

Көп сурет жүрек тырнап өтеді алдан.
Балалық базарына батады арман.
Құлаған қабырғаның аржағынан,
естімін дауысымды «апалаған».

Сыйлаушы еді жасыл белі гүлін маған.
Айлы түн ақ қайыңнан сыр ұрлағам.
Шөп басқан, құрай басқан әр ауладан,
Естимін ана даусын «құлындаған».

Заман-ай тағдырыңа төте келген,
Келгендей болдым, әттең, бөтен елге.
Тұнжырап тұл көшемен өтіп барам,
Әз әкем балған шақта жетелеген.

У-шу боп жататұғын жоқ шақтарың,
Сүрленген шөп басыпты соқпақтарың.
Ана емен ауладағы құрап қапты,
Өткеннің, кеткеннің де жоқтап бәрін.

Бірлігі берекесі өскен көппен,
Ауылдарым, мәртебең асқақ неткен.
Тойғандар ата жұртқа ауып кетсе,
Мен қалай ата жұртты тастап кеткем?

Балалықтың мәйегі ақ бесігім,
Дәуірдің дауылы ұрып кетті сының.
Қиындықта қиырға тастап кеткен,
Қауқарсыз ұлдарыңа ет кешірім!

2011 ж.

Ертіс

Егін тербеп мұнда атар ақ таң күліп,
Жүрер әр азаматы мақтан қылып,
«Ақ нан» деп айтар болса «Ертіс» деп біл,
«Ертіс» деп айтар болса, «Ақ нан» деп ұқ!

Қазақы шапанымдай кең пішілген,
Ақ білек, ақ найзаның келді ұшымен.
Бұл өңірім құнарсыз бола алмайды,
Бабамның қаны сіңген, тері сіңген.

Түгін тартса май шығар жерім менің,
Даласындай кең пейіл елі керім.
Қол бұлғап құба белге шақырады,
Жайқалған ой, қырдағы егін, егін.

Дәуіріңмен өзгеріп қайта туды ән,
Еркін еңбек келді елге ой танымнан.
Дала егінге, өрісі малға толы,
Айналдым Ертісімдей байтағымнан.

Аштықтың да ақсиған көрген тісін.
Түзеді ақтаңдақты кемелді ісің.
Елімнің дәулет қонған бір бұрышы,
Мекенім-жаңа Ертісім, көне Ертісім.

Ешқашан арылмаса нұрдан көгім,
Ешқашан арылмайды қырдан егін.
Нұрлы көшпен тарта бер болашаққа,
Әйгілі астықты Ертіс-туған елім!

2004 ж.

Қараөткел

Осы ауыл ежелден ерек-ті елге.
Сапарлап ары өткенде, бері өткенде,
Тәу етіп өт. Болады жолың аман,
Қажы, әулие ауылы Қараөткелге.

Мекені екі әулие бес қажының,
Бағдаршам жер өскелең жасқа бүгін.
Қараңғы тар заманда сол тұлғалар,
Халқына имандылық шашқан нұрын.

Қажылардың үлкені Сатыбалды,
Денелі, жомарт жүрек, ақыл жан-ды.
Бейсенбайды шығарып биіктерге,
Қараөткелде мәңгілік аты қалды.

Құзар шың-Бейсенбайы Байтілестің,
Білімде одан кетпеген артып ешкім.
Керуенбасы шығар-ау мына Ертісте,
Исламға бет бұрған жарқын көштің.

Алла берген қасиет оған жастан,
Әулие, жан болмапты одан асқан.
Ұлы жанын ұғынар Ұлы ғана-
Ақкөлде Исабек ишан досын тапқан.

Ана бұл, келген болар бөтен елден,
Иманын баласындай мәпелеген.
Қажылардың біреуі нәзік жанды,
Ардақты асыл ана Беке деген.

Рұхы биік ауылдың ырысты елі,
Бес қажы төртіншісі Бікіш еді.
Меккеде Бейсенбаймен бірге болған,
Тумаса да, туғандай інішегі.

Ұлы болып, ұлылардай болмау жат ә,
Қажы да, әулие де Сәлмен ата.
Алланың даңғыл жолын жалғастыр деп,
Зейнолладай ұлына берген бата.

Көшінде ізгілікке барар жолдың,
Алдағы жауһарлардай адал болғын.
Қараөткел қажы әулие мекені де,
Ауылы ақын аға Аманжолдың.

Қараңғыны қақ жарған жасыны бол,
Ел даңқын өрге татқан асылы көп
Қасиетін сыйласаң қара жердің,
Ей, бауырым ауылға бас иіп өт!

2013 ж.

Ынтымақ

Ертістің жағасы мекені,
Қырында ойнаған сағымдар.
Атағы алысқа кететін,
Ұядай бір шағын ауыл бар.

Байлығын, ырысын, дәулетін,
Тағдырдың өзі ме сыйлаған?
Бұл ауыл бір ата әулеті,
Жаттыққа бір-бірін қимаған.

Үлкеннен өтпейді әрі аттап,
Кешіріп қылығын еркенің,
Жақсысын ел болып мадақтап,
Жасырып жатады тентегін.

Қазақы салт, дәстүр, сананы.
Бұзбаған.
Сол үшін алғысым,
Ұлдары шетінен мұзбалақ,
Қыздары көркем-ақ ай мүсін.

Атына заты сай ауылдың,
Ақылшы қарт барда кемеңгер,
Толтырған домбыра шанағын,
Көп мұнда өнерлі өрендер.

Осында келгенде жайланам,-
Бала боп кеткендей кекілді.
Зайсанның жағасын жайлаған,
Дәл туған ауылым секілді.

Өткенді сыйлаған ежелден,
Ертеңге сенімді бұл тұрақ.
Қазақтай қайспас Мәңгі елмен,
Тұрады мәңгі ауыл Ынтымақ.

© Жалғашқы ақын, 2013 ж.

2013 ж.

Ата жұртың азабы

(Шығыс елінде жер сілкінісі болып өткенде)

Байтақ дала. Дархан елім ұлысым,
Күнбезінен күн көтерген Шығысым.
Сан ғасырлар қорғаны боп келесің,
Қазағамның кең алдырып тынысын.

Ұлан ғайыр сен даланың шеті едің,
Ақ бас шыңды, қарағайлы мекенім.
Тарбағатай, Алтай таулар қымтаған.
Ұлы дала дастарханы етегін.

Көк бөрінің ұрпағы-түркі қағаны,
Дәуірінде ел болған ғой саналы.
Өркениетті Батысыңа жеткізген,
Әлдилеген Аттиладай бабаны.

Әлемге аян қорғасынмен мырышың,
Қалың елдің түзеген тұрмысын.
Желтоқсанда өзіме оқ боп атылды,
Одағыма содан бастап тынды ішім.

Болашақтың ұғынады сырын кім?
Беймәлім ол. Қинап тұрған бүгінгің.
Атомыңнан азап тартып жүргенде,
Аяқасты зілзалаға ұрындың.

Жер боп қалды талай ата қонысым,
Қиындықта созбады ешкім қол ұшым.
Мәскеуім де көңіл айтты жай ғана,
Одағыма өкпелімін сол үшін.

Қарауылды берген едік сынға алып,
Сарыарқаны берген едік тыңға алып,
Елін, жерін сынатуға берген ел,
Қасіретте сыйлауға да тұрмадық.

Армяндарға жаны қалмай шартарап,
Үй әкелді, күй әкелді арқалап.
Менің жұртым алты ай бойы отырды,
Үштөбенің киіз үйін қалқалап.

Айғайы көп, дұрыс іс жоқ бүгінде,
Күдігім көп, тек жүрегім түңілме.
Бодандықта маужыраған ұйқыдан,
Әлі әттең, ояна алмай жүрмін бе?

Оранғанда жүрек жылап жан отқа,
Өр бола алмай жер болғаным мазақ та.
Өз тонымды өзім пішкен жөн шығар,
Сене бермей қыры кеткен Одаққа!

1990 ж.

Туған ауыл

Сағындырып туған ауыл-бала бақ,
Сағыныштар жүрегіме ән орап,
Жылдардан соң жылдар салып ортаға,
Келіп қалдым, есенбісің Аманат?

Өткен заман, қазір де емес пәс күнің,
Тірлігіңді өзгертпеген ғасырың,
Баяғыдай көл жағалап жүрмісің,
Жалғастырып ата-баба кәсібін.

Ойлауменен ауыл қамын, көп қамын,
Дау-дамайға айтушы еді тоқтауын.
Жусан исі, балық исі аңқыған,
Бүгінгі күн жоқ-ау дана қарттарым.

Ер жігітпен иық тіреп бақ сынар,
Аталасын дау, дамайдан ап шығар.
Құдалармен айтысар таң атқанша,
Менің ару апаларым жоқ шығар.

Күміс көлді оятқаннан таң нұры,
Құм жағада өтуші еді бар күнім.
Балалықтың бар қызығын бөліскен,
Достарымнан қазір мұнда қалды кім?

Доп қуалап, асық атқан кештері,
Жүрегіңнен өшер ме екен еш тегі.
Зайсанның да шағын еді аумағы,
Ауылдың да аты мүлде басқа еді.

Мөлдір суы, құм жағасы арман бір,
Әлі күнге батады әттең жанға ауыр,
Мұңсыз шақтың әлдилеген қызығын,
Су астында туған жерім-қалды ауыл.

Жылдар өтті күн соңынан күн аунап,
Келмес күндер шақырғанмен «құраулап»
Бүлдіршін сәт қалған судың астында,
Көл бетінде толқын болып жүр ойнап.

Енді айналып кеткенімен елеске,
Туған ауыл, балауса шақ бәрі есте.
Су астында жатқан менің мекенім,
Қайта оралмас бала шағым емес пе?

2014 ж.

Қосағаш

Сезіліп тұр жасыл жаз демі міне,
Шапағатты шақ сыйлап өміріме,
Наурыз келді көктемнің шуағымен,
Берекелі Қосағаш өңіріне.

Болашаққа үкілеп үміттерін,
Ауылы үшін маңдайдың төгіп терін,
Қиындыққа бас имей жүрген жоқ па?
Ер мінез сұңқар текті жігіттерің.

Ауыл осы арқалап заман жүгін,
Келер күнге жалғаған арман жібін.
Келісімді келбетін сақтап қалған,
Ұядай бір бұрышы ауданымның.

Қиырлап елден кетсе жырындылар,
Бағыңды көтеретін қыз, ұлың бар.
Іргеңде жайқалады бітік егін,
Табындап жайылады қырыңда мал.

Бұл ауылдың берік қып босағасын,
Құдайым жамандықтан тасаласын.
Ертістің берекелі бір мекені,
Наурызың құтты болсын Қосағашым.

Сендер жайлы жырласам ой талмасын,
Рухсыздық күндерді қайтармасын,
Қазағымның киесі, тіреуі сен,
Ауылдарым шаңырағың шайқалмасын!

2011 ж.

Ағашорын

Жазық дала,егінді дала көк аспан,
Дәулеті шалқып, қыраттарынан ән асқан.
Ертісте байтақ Ағашорындай ауыл бар,
Бірлігі мен тірлігі ғажап жарасқан.

Ауданға мәлім, ауылда сыйлы аттары,
Тұған жер десе жүректе жанған оттары.
Мадақтап үлкен, құрметпен жастар айтатын,
Армысың елдің ақжүрек азаматтары.

Ақылмен жүріп алдын да ойлар, артты ойлар,
Жетесіз болса ел-жұрты мынау мақтай ма?
Ауылдағы берекелердің бастауы,
Балғабай, Ербол, Қайрақпай мен Бекбайлар.

Жүрегі таза, ниеті адал ел-жұрттың,
Үлгісі осы дәулеттің және барлықтың.
Таралып кетпей, таланып кетпей ырысы,
Болмаған мұнда, болмайды мүлде жарлық күн.

Қырыңда егін, ауылда желмен ойнап тал,
Көкорай белде төрт түлік төлі ойнақтар.
Ертеңді ойла, өткенді естен шығарма,
Аталмай аты қалмасын бабаң Мойнақ та.

Құрметпен атар жетерлік мұнда мың есім,
Еңбектерінен артында қалған гүл өсіп.
Дәулеті үшін, берекесі үшін Ертістің,
Қосқан-ды бұрын, қосып та жатыр үлесін.

Егінді тербеп желмая жеккен сағымдар,
Тірлігің мықты, жықпайды дәуір-дауылдар.
Ертеңің үшін, көркем күн үшін әрдәйім,
Аман бол ауыл. Аман бол қайран ауылдар!

2011 ж.

Бабалардың аңсаған мұраты ма?
Дән өссін деп көделі қыратына,
Ұйқыдағы даланың шашын тарап,
Өткен ғасыр салыпты түрен тыңға.

Ынтымақ пен еңбектің арқасында,
Жайқалды қырда бидай, арпасы да.
Құла түзде жаңа ауыл келді өмірге,
Дастарқандай Қазақстан картасына.

Шығатын егіндікпен таласа күн,
Егін тербеп оятқанәр ошағын.
Ол дәуір Пушкин болып туған кеңшар,
Бүгінгі іргелі ауыл Ағашорын.

Бір дәуір, бір дәуірмен ауысқанда,
Сарқып ішіп кеткен жоқ сауысқан да.
Ағашорын бүлінбей аман қалды,
Басқа ауылдар байлығын тауысқанда.

Өткізіп салиқалы ой елегінен,
Ауылдың келешегін көре білген.
Дау дамайсыз бірігіп елді ұстаған,
Айналдық жігіттердің еңбегінен.

Білемін, сіздерге де маған мәлім,
Ағашорын осылармен жанған бағың.
Осында берекеге ұйытқы болды,
Бекпай, Қайрақ, Балғабай, Ерболдарың.

Қазақтың аман болса бұл даласы,
Жазылар талай өмір жылнамасы.
Қайрақпай кетті деме ортамызда,
Әке ісін жалғастырып жүр баласы.

Тербеттің құт қонған ел көңіл көгін,
Айтатын тойларыңа көп тілеуім.
Ауылда өмір бойы еңбек еткен,
Сіздерді Еңбек Ері деп білемін.

Шырқалсын заманыммен жараса әнің,
Қызығы таусылмасын тамашаның.
60 жылдық мерекең құтты болсын,
Берекесі бекем ел Ағашорын.

2015 ж.

Қарақұдық

37 қыс, 37 жаз, 38-көктемім,
Байқамаппын қалай уақыт өткенін.
Күйеу болып келген едім осында,
Бүгінгі күн тумасы боп кеткенмін.

Біте қайнап, зырлап өтті көппен күн,
Орны жоқ-ау ауылдасқа өкпенің.
Тұлымды бір тумасындай боп кеткем,
Жаға жыртар қас, жауым да жоқ менің.

Өзіңде өтті Қарақұдық жас дәурен,
Үлкендермен, көрші-қолаң достармен.
Жырақ кетсем оралуға асығам,
Осы ауылдың ақ құшағы тосқан кең.

Жаным жадау дей алмаймын күнім мұң,
Біреуге аға, біреулерге інімін.
Бар да емеспін, қоңыр тірілік кешетін,
Осы ауылдың тұрғынының бірімін.

Дей алмаймын саяқ жүрген жалғызбын,
Ұрпақтымын. Бар ұлым да, бар қызым.
Үлкендердің барлығына күйеумін,
Кішілері бәрі менің балдызым.

Ағалар бар сөз айтатын аталы,
Інілерім ақылды, ойлы жоталы.
Күлін алып көшесіне шашпайды,
Кешірімді бір тентектің «шатағы».

Ақ пейілі сыйлар жыр да, күй маған,
Үлкені де, кішісі де сыйлаған.
Тоқсан жолдың торабынан төр іздеп,
Кетпегенмін. Бұл мекенді қимағам.

Ол да рас. Белден кетіп берекең,
Шуағынан көп болып көлеңкең.
Күні шығып, айы туып оңынан,
Көсегесін көгерте ме ел ертең?

Арқауыңа түсіп тұр-ау қылау бір,
Жөн табар ма келешекте сұрау бұл?
Дөң боп қалмай жақсылыққа жете ме?
Жақсыларға мекен болған бұл ауыл.

2013 ж.

Ленин ауылы

Ризамын халқымның тілеуіне,
Имандылық тапты орын жүрегінде.
Кәдемізбен бұл тойға келіп қалдық,
Берекесі бекем ел Ленинге.

Намысқа қазақ баспай қамшылар кім?
Ізгілік-мұраты ғой жақсылардың.
Иманды ұрпақ ертеңге тәрбиелеу,
Ниеті Лениндік басшылардың.

Боран соғып тұрғанмен қырдан бүгін,
Имандылық, ізгілік жырлап жырын,
Жасы боп, кәрісі боп тойлап отыр,
Осында Пайғамбардың туған күнін.

Жетпіс жыл елді діннен қағас қылды,
Тәуелсіздік таңымен бағы ашылды.
Ораза да, айтым да, мәуліт күнім,
Өміріме керемет жарасымды.

Елі аман, ырысты күйі жайлы,
Бәрі жақсы мекенде қиырдағы.
Әттеген, жері майлы бұл ауылға,
Бір қазақтың атының бұйырмауы.

2011 ж.

Батыр ата мектебі

*Ынтымақ ауылындағы негізгі мектепке
осы мектепте 40 жыл ұстаздық еткен
ҰОС батыры Ә.Әйтибаевтың мемориалдық
тақтасы ілінді.*

Білегінде батырлықтың пірі бар,
Жүрегінде дархандықтың нұры бар.
Даралығын, даналығын сақтаған,
Қазағымда ауылдар ғой, ауылдар.

Қыста боран, жазда естіп ән қырдан,
Мал қайырып тілерсегін талдырған.
Қандай дәуір қалай ауыр болмасын,
Жақсылардың бәрі шыққан ауылдан.

Жеңіл сөзге жіберетін жел беріп,
Кейде сөздер әкелетін елге құт.
Өзге ауылдың жақсыларын елемей,
Өзінікін даналарға теңгеріп.

Ел ішінде бір-біріне жақпаған,
Кейде даттап, кейде ал кеп мақтаған.
Қалай болсын қысыр сөзі желге ұшып,
Қай заманнан берекесін сақтаған.

Соның бірі осы ауыл Ынтымақ,
«Қақ торы атта» төрт түлігі шұрқырап,
Тоғайында жасыл шалғын, құрақтан,
Жидегінің жұпар исі бұрқырап .

Ақыны бар сөзден маржан ап шығар,
Батыры бар көкпарыңда бақ сынар.
Елі үшін еңбек еткен елеулі,
Бұл ауылда толып жатыр жақсылар.

Соның бірі-Әйтібәев Әкімбек,
Өзгелерден айтылады аты көп.
Бозбала боп қан майданға аттанып,
Туған жерге оралыпты батыр боп.

40 жылдай ұстаз болды мектепте,
Еселі еңбек сірә, кеткен жоқ текке.
Керекудің өңірінде шәкірттер,
Ұстаз атын мақтан етіп жүр көпке.

Бұл заманда жатқан жүзі құбылып,
Ұрпақ жатса ізгілікке жүгініп.
Батыр ата батырлыққа бастайды,
Мектебінде тұрса осылай ілініп.

Ағаларым, сіз болмасаң не етер ек,
Қыл бұраулы қамыт киіп өтер ме ек?
Батыр ата суреті тұр мектепте,
Ұрпақтарын ерліктерге жетелеп.

Есте ұстаса жақсыларын кешегі,
Дәл осыдан ұтылмайды еш елі.
Ауылдардың ырысы мен байлығы,
Сол жандардың рухымен өседі.

2015 ж.

Кеңес

(Қияш Сердалыұлына)

Таң қалдырар болмаса да атағы,
Туған ауыл-балалықтың Отаны.
Баласың ба, қариясың бәрібір,
Жүрегіңді нұрға бөлеп жатады.

Қарасуды жағалаумен күн өткен,
Қармақ ұстап балық аулап жиектен.
Қарынды да тойдырушы тоғайда,
Уыс, уыс мөлдір қара жидекпен.

Бала шақты жалмап жеді жебір күн,
Қысқартумен қысқа жібін өмірдің.
Сыйлы жаста сыны кеткен біздердей,
Салтанатты кезі кетті ауылдың.

Ауылымның сәні де еді, мәні олар
Мәңгілікке кеткен қарттар-даналар.
Қараша үйлер қатары да сирепті,
Көбейіпті іргедегі молалар.

Жастық-жайлау. Жайлауыммен кетті өл^{ең,}
Бастағы шаш тау шыңына беттеген.
Әкем, анам ізі қалған ауылым,
Төбе, дөң боп қалармысың, әттеген?

2011 ж.

Ақын ата-ауылы

Кең даламның келісті,
Төсін жуған сағымдар,
Батысында Ертістің,
Абай атты ауыл бар.

Алғаш тыңның төсінде,
Іргетасы қаланған.
Ақын баба есімі,
Ауылда сол заманнан.

Малды, егінді жотасы,
Ежелгі ауыл сол Абай.
Алған ақын батасын,
Дәулеті тұр жоғалмай.

Қара құраң тұрғыны,
Қазақ, орыс, немістер.
Заманға сай бірлігі,
Ынтымағы келіскен.

Тірлігі де бекемді,
Ел аузында жатталып.
Талай ұлттың өкілі,
Жүр осы жерден бақ тауып.

Қолдап ақын аруағы,
Биіктерден көрінді.
Мақтанышы ауданның,
Мақтанышы елімнің.

«Ақырын жүріп нық бас та»,
Өмірден бақыт таба біл.
Даналықпен жұптасқан,
Береке мекен-бұл ауыл.

2015 ж.

Ауылымның ауасы

Қала түні. Әркім өз ұясында,
Бірі төмен, біреуі қиясында.
Дала өмірін аңсаған, қайран көңіл,
Құрқылтай ұясына сыясың ба?

Қалада тұрмыс қатал деме мүлде,
Бар мұнда керегіңде дегенің де.
Қабатты үйлер, көшелер, даңғыл, алаң,
Бәрі сұсты төрт бұрыш шеңгелінде.

Біле алмаспын, бұл дұрыс, жоқ бұрыс па?
Бар дүние телінген төрт бұрышқа.
Ырду-дырду көшеде автокөлік,
Безектейді кептеліс, қапталыста.

Серуендеуге тұрса да тартып көңіл,
Баратын жер таппайсың артық не бір.
Қалалықтың өмірі тірлігі де,
Бағынышты төрт бұрыш тәртіпке бұл.

Үйің. Кеңсең. Адымың құрықтаулы,
Ауылдардай атпайды күліп таңы.
Экраннан шырқалған ауыл жайлы ән,
Сол ғана көңілімді жылытқаны.

Тамыз айы тұрса да жазғы жайлы,
Самалы да жүректі қозғамайды.
Түңліктен ұшқан түтін мұрын тартып,
Ошағында сары қи маздамайды.

Қалаға жат ауылдық бейқамдығың,
Жүзтаныс та істейді сайтандығын.
Дәм-тұзыңа рахмет, балаларым,
Сағыныппын ауылға қайтам бүгін.

Ауыл, шіркін қазақтың төл мекені,
Кең дала бесігіндей тербетеді.
Қалада бәрі жақсы.
Дегенменде,
Ауылдың ауасына не жетеді!

2011 ж.

Бұланбай

Ұлан ғайыр осы Ертістің шетінде,
Жазда желі, қыста боран өтінде,
Дәулет қонған шағын ғана ауыл бар,
Бақыт іздеп бара қалсаң өкінбе.

Қай заманнан шөбі шүйгін көделі,
Төрт түлігі тең түстенген жер еді.
Қазағымдай кең далаға жарасқан,
Өсіретін сол заманнан Жебені.

Жылдар жылжып, дәуір кетті алмасып,
Бостандыққа жетті елім-таңға ашық.
Өздеріндей көнбіс түлік өсірген,
Баба өмірі жатыр мұнда жалғасып.

Нағыз қазақ жанмен сүйген жылқыны,
Шапқылаумен қиырларға күн, түні,
Жинап алды ұлтжанды бір ағамыз,
Құруына шақ қалған бұл тұқымды.

Жылқыменен елге оралды бақ, дәулет,
Орындалды жүректегі арман көп.
Қазақстан аумағынан таппайтын,
Жебе тұқым Бұланбайда мыңнан көп.

«Жылқы», «дала» деп соғатын жүрегі,
Қазақы ауыл осы міне. Біл оны.
Ағамыз да, дәулет кешкен ауыл да,
Секілді ғой қазағымның символы.

2011 ж.

Ертісім, еркем (әні Салтанат Шәмейдікі)

Көкжиегі көмкерілген егістермен,
Төрт түлігі жайылған өрісте кең,
Ұлы өзен жиегінде бір ауыл бар,
Әйгілі Керекеуде Ертіс деген.

Қайырмасы:

Ертісім еркем гүл бағым,
Елгезек, өжет ұлдарың,
Көктемдей көркем қыздарың,
Ертісім менің Ертісім!

Жиекте қол бұлғайды бала қайың,
Сағындым, аралайын жаға жайын.
Балалық базарына батайын бір,
Көк тоғайдың төсеніп көкорайын.

Аймалап ерке Ертістің өпкен желі,
Көшеге көрік берген көктерегі.
Ертісім, туған ауыл, бақ мекенім,
Өзіңнен басқа жердің жоқ керегі.

2011 ж.

Таймас баба

*Ертіс өңірінде заманыда әулиелігімен танылған
Таймас бабамыздың кесенесі ашылды.*

Сарыарқаның тау-тассыз шетінде бір,
Қандай заман жатқан ғой есіп өмір.
Халқының жүрегінде қалатындай,
Өтіпті дүниеден асыл небір.

Бұл өңір жер кіндігі бағзы мекен,
Қыс қыстау. Малға жайлы жазы өртең.
Қан кешкен жаугершілік замандарда,
Батырлар ат байлайтын қазығы екен.

Сан рет өзгерсе де парқың далам,
Бәрібір жусаныңнан ән тыңдағам.
Төсіңде төрт түлігің түлеп өсіп,
Көгіңде қырандарың саңқылдаған.

Тәуелсіздік тұсында-ай күн де аман,
Есемді тарихтан қайтып алам,
Ертістің бір Ұлысын дәріптейін,
Есімі бұрын соңды айтылмаған.

Түгел сынды болыпты батыр бабам,
Қарсы шапқан қалмақты тақымға алған.
Сілетіден дұшпанды түре қуып,
Ұрпақтар жүрегінде аты қалған.

Көп те емес, аз да емес ұлыларым,
Солардың шуағына жылынармын.
Солардың өр істерін дәріптеумен,
Өзім де елсүйгіш боп шынығармын.

Қазақтың айшықты еткен ұлылығын,
Биігі солар әсте тұғырымының.
Екі ғасыр өшпеген ел есінен,
Жыр етейін бабаның бірін бүгін.

Лайықты Түгел баба атағына,
Он алтыдан ерек-ті жеке, дара,
Елі атын айтуға жүрексінген,
Таймас баба-шын аты Ботақара.

Демегей жиналған жұрт ол адам кім?
Ас беріп тойлап жатқан жорта бүгін.
Он алты ұлдың асылы, ардақтысы,
Қыпшақ Сағал Түгел ата-бабадүрдің.

Егемендік төріме жайғасқанда,
Бақытым алты қырдан айға асқанда.
Ғасырлар қойнауынан қайта оралды,
Жұртына, әулие ата Таймас баба.

Естіліп жүруші еді аты аңыздан,
Айналып орын тапты ортамыздан.
Әулиелік маңсұғы асыл баба,
Туады Қаракөздей апамыздан.

Ислам қасиетін серік көріп,
Бала жастан танытқан көріпкелдік,
Дәрі емес тылсым күштің қуатымен,
Емдепті азап шеккен ғаріптерді.

Болмаған дауға құмар, малға құмар,
Тәңірім таңдап берген өз жолы бар.
О дүниелік боп кеткен бір бейбақты,
Ажалдан арашалап алғаны бар.

Жүретін жау күйініп, ел сүйініп,
Бітпеген тексіздерге әулиелік.
Тәңірім қасиетті таңдап берген,
Болған соң жақсылығы жан сүйерлік.

Жанына даналықтың теңдеп жүгін,
Ізгілікті жүректе тербеген мың.
Бойындағы ғажайып қасиетпен,
Тамсандырған көргенін, көрмегенін.

Дала ұлы. Сіңірген нәрді қырдан,
Ел-жұртының тірлігін мәнді қылған.
Еселеп ағайынның берекесін,
Өрт тоқтатып, жаңбыр да жаудыра алған.

Алаламай, жасап көпке жорамалын,
Ойлапты елдің қамын даналарым.
Елі үшін терін төккен хас әулие,
Жалғапты тектілігін бабалардың.

Жанына имандылық жолдас қылып,
Алла жолын жүріпті жалғастырып.
Әке біткен толағай күш қайратты,
Ізгілікке алған ғой алмастырып.

Далам жатыр сол замандай маңғаздана,
Тәсінде сен жүргендей жамбоз баба.
Білектің күші емес, ақыл оймен,
Атадан да, әкеден озған баба.

Күнек көлде- мәңгілік мекенінде,
Сән беріп туған жердің келбетіне,
Ұрпақтары тұрғызды кесенесін,
Әулие ата есімін мәңгі етуге.

Көненің көзі емес пе бұл даламыз,
Жусаны, көдесі де тұнған аңыз.
Аңызды айналдырды ақиқатқа,
Тау тұлға Кеңес дейтін бір ағамыз.

Алланың ақ жолында жаны зерек,
Жүретін қолдан келсе бәрін демеп.
Тумасынан қолы ашық, жомарт жүрек,
Сұлтанов Темірхан да берді көмек.

Уа, Ертіс ұлдарыңнан айналып қал,
Келешегін елінің ойлапты олар.
Туған жерге керемет сый ұсынды,
Сапарғали, Сайлау, Серік Байболовтар.

Біркөтерген ыртістен жай қалыпты ма?
Жүрместен толғанып та, ойланып та,
Демеушілік жасады бабасы үшін,
Байзақовтық Алтай інім Хайдаров та.

Қыз көрікті еліне ұл берік те,
Бабасын басқалардан кем көріп пе?
Ертіс асып көмегін берген екен,
Железиннің әкімі Нүкенов те.

Көгере берсін Ертіс көсегесі,
Бір анық-игіліктің кеш емесі.
Әлі талай игі іске бастау болсын,
Ұядай Таймас баба кесенесі.

2012 ж.

Жарқын жүзді Жарқынай

*Қазақтың дәстүрлік емін осы заманда
жалғастырып жүрген Северный ауылының
тұрғыны Жарқын Самарқанқызына.*

Базарламай балалықтың базарын,
Тартың талай аурудың азабын.
Өзгелерге ұқсамадық сен әсте,
Болған екен өз соқпағың өз әнің.

Тәніңді ойлап мұңаюмен өткен күн,
Күттің бірақ ақ шуағын көктемнің.
Арудың азабынан да ауыр,
Ғайбаттауды, қиянатты көп көрдің.

Үмітіңмен қайталадың Алла атын,
Қуаттанып беки берді қанатың
Ақ маңдайды періштелер аймалап,
Тал бойыңнан кете берді қара түн.

Қорғап, жебеп ата-баба аруағың,
Азаптандың, ізденуден талмадың.
Шапағатын азаптыға ұсынған,
Үміт апа жолын өзің таңдадың.

Көздеріңде ізгіліктің шуағы,
Қолың шипа, дұғалы сөз дуалы.
Тән ауыртып бойға кірген кеселді,
Аруақтығың түріп айдап шығады.

Мына өмірден үміт үзіп, мән тайып,
Көңіл жылап көкіректен ән тайып,
Еңкейіп те, еңбектеп те келгендер,
Кетті алдыңнан қайта туып марқайып.

Бұл фәниден түңілген де, өкінген,
Аруақтының емін алып бекінген.
Өйткені сен жасамайсың жалғандық,
Емдейсің тек Бір Алланың атымен.


Бойдағыңды көпке берер қотарып,
Әйгілі Үміт ападан ақ бата алып,
Жебеп аруақ, қолдап апа кеткенсің,
Жиырма бесте Жарқын апа атанып.

Тылсым дүние, ғылым таппас жол оған,
Құдай берген құдіретіңе таң қалам.
Жақсылығын жалғастырып жүрсін деп,
Үміт апа сені ғана таңдаған.

Ақ тілегім-берік болып босаған,
Қасиетіңе қарым қоссын Жасаған.
Жамандықты қашан болсын жеңеді,
Жақсылыққа жаны дәйім дос адам.

Жер-ананы қараңғыға қалтырмай,
Қара түнге нұрға малған жарқын ай.
Араша боп ауруға, ажалға,
Аман жүрші Жарқын апа-Жарқынай!

2010 ж.



АРТЫНДА ХАТЫ ҚАЛҒАН...

Ақындар, қайран ақындар

Жүрегі Алла қазнасы,
Сөзінің анық тозбасы,
Шапағат пен ізгілік
Жырының алды-жол басы.
Жаны бай әсте болатын,
Іздейтін ойдың азатын,
Күліп те, жылап жазатын,
Жүрегі жырдың арнасы.
Жүргенмен көптің алдында,
Жандар ғой бай да, жарлы да.
Ақындық-бәлкім пақырлық?
Адалдықтан аспаған,
Жамандыққа баспаған,
Кездеспес нағыз дос та оған.
Жүрегі дәйім арманды,
Аңғал да, саңғал жандарды,
Жаратқан Алла ақын ғып.
Әз жанын қанға малатын,
От болып лаулап жанатын,
Шекесі шылқып өткен жоқ
Фәниден мынау бар ақын.
Ілиясқа тосыннан
Басына үйіп қайғы бұлт,
Сұлтанмахмұтты жасынан,
Топшысынан қайырып,
Абайды алып жағадан
Біржан салды сабаған,
Мұсаны аттан айырып.
Жүре де бермей көшке еріп,
Әділігін айтса сес көріп,
Мағжандай қалып қапаста,
Махамбеттей бас беріп.
Марқасқам талай нар кеудем,

Тұлпарлар еді арда емген.
Жақсылық күтіп ертеңнен.
Өздері жаққан отына
Сәкенім болып өртенген.
Олжасым болып шыдаған,
Мұхтарым болып жылаған,
Өмірде мынау таппайсың,
Ақындай жаны сірі адам.
Елін де, тілін сүйетін,
Сол үшін отқа күйетін,
Ақындық басын таққа емес,
Халқына ғана иетін.
Түсінер бір жан табылмай,
Маңдайдан соры арылмай,
Өмірден жылап өтетін,
Ақиық Мұқағалидай.
Батыл да, батыл сөз айтып,
Сары атанды шөгерген,
Өмірге келіп өлеңмен
Өмірден кеткен өлеңмен,
Ақындар, қайран ақындар!

2009 ж.

Абай

Сөз зергері, халқымның ғұламасы,
Мың данаға тұратын дүр данасы.
Айтқаны бүгінгіден озған алға,
Қазаққа Абай даналық мұнарасы.

Әр сөзі жырларының тағылымды,
Жүрекке от үрлейді жабы жыры.
Жүр әлі көбімізді ойландырмай,
Бүгінге жеткен ойдың жаңғырығы.

Зердесі тау шыңы ғой асқаралы.
Көсем сөз тау үгеді, тас жарады.
Қазақта ақындықтың ақ бұлағы,
Абайдай ғұламадан басталады.

Мыңмен тынбай алысты жалғыз өзі,
Зерделі, ойлы артында қалды сөзі.
Күнә тағып қайтеміз қай қазаққа,
Көкірегінде болмаса жамбы көзі.

Жеңе алмады ортасын. Жылап көнді,
Заманында таппады жұмақ төрін.
Ессіздерге бекер сөз шығындапты,
Естілерге қашан да шырақ болды.

Кімге жеткен ақынның мұңы, зары?
Шегірткенің секілді шырылдауы.
Билік, ақыл қалталы, шекпендіде,
Бұрынғыдай ғұлама бүгін бәрі.

Аттап жүріп ұяттан, ар, иманнан,
Артық нәрсе қалмады мал жиғаннан.
Қара сөздер қабырға қайыстырып,
Аш қасқырдай ішінде ұлиды арман.

2014 ж.

Сұлтанмахмұт

Мына өмірді жан тәнмен сүйіп те өттің,
Намыс қайрап кегіне күйік, кектің.
Жиырма жеті жасыңда бұл жалғанды,
Ақын баба қалайша қиып кеттің?

Тағдырың ба, заман ба өкпелеткен?
Қараңғылық жерімді еткен мекен?
Жанар таудай жыр атқан жас жүрегің,
Жер үстіне сыя алмай кеткен бе екен?

Мұрат-тын тәрбиелеу жаңа буын,
Осы емес пе ұлылық, даналығың.
Қара аспанға ақ жолақ із қалдырған,
Аққан жұлдыз секілді, баба өмірің.

Әсем жыр ән ететін жазды арайлы,
Қалайша жүрек жырын қозғамайды?
Қара бұлттың қапасын қақ айырған,
Сен екен деп қаламын найзағайды.

Қасиетті Баяннан қуат алып,
Абайдан соң ақынның пірі атанып,
Жырларыңнан жүргенде шырақ жағып,
Кей ағайын жүріпті күнә тағып.

Аңсаған ер, тіл, дәстүр жарастығын,
Ұға алмаймын бұл жолда адасты кім?
Жырлағаны үшін бе алаш мұңын,
Көтергені үшін бе алаш туын?

Көп нәрсеге қазір де пәстеу көңіл,
Пысықтар лауазымнан ас тауып жүр.
Баяғы өзің көрген кеселердің,
Ішіне нақақ көзден жас тамып жүр.

Халқың үшін, егілген ордаң үшін,
Шүберекке түйіліп ар, намысың,
«Елім» деп еңіреген жырларыңнан,
Бүгін де естіліп тұр жан дауысың.

Мына өмір сабасынан төгілмесе,
Өркениет ел болам ерінбесем.
Қараңғылық кегі үшін күн болғансың,
Қазағымның жұлдызы көгінде сен.

1999 ж.

Махамбеттің мұңы

Жанды намыс, жүректі кек қақтаған,
Ердің мұңын, елдің жоғын жоқтағам.
Ертең үшін-шапағатты шақ үшін,
Қас жауыма от та болам, оқ болам.

Балалардың жас шалмасқа кірпігін,
Бүтіндеуге елдің жоғын, жыртығын,
Қылышымды қынабына салмаймын,
Жәңгір ханның құртып болмай тұқымын.

Малына да, жанға төлеп айыппұл,
Қалың елдің басынан бақ тайып тұр.
Хан тұқымы, орыс шонжар жайлайды,
Шұрайлы да, шымқай жерін Жайықтың.

Өзен бойы ел-жұртымды қондырып,
Келімсекті жерден қуам қор қылып.
Қызғыш құстың бермен елге тағдырың,
Балшық іздеп күн кешетін қаңғырып.

Шашақ найзам, алмас қылыш сенерім,
О, Құдайым қолдай көргін, жебегін.
Ағайынға берген уәде, айтқан серт,
Құмды кезіп жөнеледі өлеңім.

Нарын құмда әскерімен Геккенің,
Төгілген қан ылайым тегін кетпегін.
Әттеген-ай, елін бастар жорыққа,
Исатайдай ер серігім жоқ менің.

Ат үстінде алшаң бойды тік ұстап,
Қасиетті кеттім кіріп ұрысқа,
Ер жігітке майданда өлу мәрт еді,
Бірақ мені шаба алмады қылыш та.

...Жонын төсеп маужырайды күнге қыр,
Бақи емес, фәни маған қыл көпір.
Ел деп, жер деп еңіреген басымды,
Бір қазақтың шаппасына кім кепіл?

2000 ж.

Ақынның ауылында

Үн қосып ұлы тойдың дүбіріне,
Жол түсіп келіп қалдық Үлгіліге.
Желмая Иса атаның аруағы ма,
Керемет қоңыр күздің күні міне.

Өнерді тұмар еткен өрендердің,
Тыңдауға келдік бүгін өлеңдерін.
Кім білсін? Мына отырған ұрпағында,
Бар шығар бір ұшқыны кемеңгердің.

Қай қазақ өлең десе «шіркін» демес,
Арқа қозып, көмейі бүлкілдемес.
Атаның кіндік қаны тамған жерде,
Бір ақынның тұмауы мүмкін емес!

2010 ж.

Желдірменің мекені

*И.Байзақтың кіндік қаны тамған жері
Үлгілі ауылында ақынның 90 жылдық тайы өтті.*

Жақсыларды дәріптеу салтым менің,
Өнермен, өнерлімен жарқын көгім.
Қазаққа Иса ақындай ұл сыйлаған,
Армысың ақ пейілді халқым менің.

Армысың, алтын бесік ақ отауым,
Армысың өнердегі Алатауым.
Үлгілі осы Ертісте өнер қонған,
Мекені Иса атаның, дара атаның.

Ән-жырда осы мекен табынарым,
Исамен биік қашан шаңырағың.
Толғанып жүрегімнен жыр жазамын,
Риза етем бе деп аруағын.

Дарыны туа біткен тал бойына,
Ол әнші бұлбұл қонған таңдайына,
Қазақтың жұлдызы едің маңдайында,
Қалай сыйып жатады жер қойнына?

Өнердің сарқылмайтын бұлағы едің,
Сусындап тұма жырға тұрады елің.
Сүйінбай, Жабылдан соң айтыстағы,
Алдына жан салмаған Құлагерім.

Бекболат шырқап берсе «Желдірмені»,
Керең де зерін салып телміреді.
Өнерден қара жаяу қалғандардың,
Көңілін желмаядай желдіреді!

Той тойлау ата дәстүр-салтым менің,
Дәстүріммен әрдайым жарқын көгім.
Берекесі бекем ел қайран Ертіс,
Той болып өтсін дәйім әр күндерің!

1990 жыл, маусым

Айналдым аруағыңнан

Иса атаның 110 жылдық тойына.

Ән салған өр Алтайдың аясында,
Ән салған Баянтаудың саясында.
Қазақтың төрт бұрышын әнге қосқан,
Өзіңді теңестірем қай асылға?

Еске сап ескі ауылды жазғы өмірді,
Саф мөлдір махаббатты-назды өмірді,
Қатып қалған жүректен қыл тартады,
Әсемдеп шырқар болса «Наз қоңырды».

Айтыстың шаң жұқтырмас дүлдүлі едің,
Сайраған сахынаның бұлбұлы едің.
Көңілдің көк дөненін көкке тартып,
Желпініп Желдірмеде тұр жүрегің.

Мұхтар айтқан «жүз жылда бір туар» деп,
Мағжан айтқан «мың жылда бір туар» де^п,
Ғасырды артқа тастап қайран өлең,
Қазақтың жүрегінде жүр тұмар боп.

Бабадан ұлағатты іс ап қалып,
Туған жерді ән, жырмен құшаққа алып,
Биіктік Иса атаға жарасады,
Жүрсек болды ұлыға ұқсап бағып.

2010 ж.

Қараөткелдің қыраны

Ақын А. Шамкеновтың 70 жылдық то^{йына}

Армысың аға, армысың туған жеріңде,
Онжылдық кеңшар, Қараөткел туған еліңде.
Ертістің кәрі тоқыны сені шақырды
Бір шығып қайт деп Бадайдың биік беліне.

Сағынтқан болар ұядай осы ауылың,
Нағашы жұртың, ағайын, туған бауырың.
Жеткенше елге жүрегің байыз таппаған,
Ақындық мөлдір сезімнің таусып сабыры^н.

Ертістің майда тоқыны жаға аймалап,
Іздеуші еді ақынын елдің қайдалап.
Көктерек өскен, көк талдар өскен жиекте,
Балалық шақта жағада жүрген жыр ойла^п.

Шілденің кезі даланың жапқан гүл бетін,
Табиғат ғажап көрсетті бүгін суретін.
Ауданы болып, ауылы болып жүгіріп,
Той жасап жатыр. Ағажан сенің құрметің

Есіңде аға балапан жырың алғашқы,
Ал, содан бері қаншама жылдар алмасты.
Қараөткел ұлы, елімде ақын майталман,
Бағындырған киесі биік Парнасты.

«Ұстазым» әні мектепте гимн бал шақтан,
Жырларыңа ұлы Үнді елі қол соққан.
Бөтен ел көріп, бөтен жер шолып жүрсеңде,
Туған ауыл Қараөткел болар аңсатқан.

Өзіңе таныс киелі мекен саялы,
Ұлына бүгін құшағын аппақ жаяды.
Тұрмысы жүдеп кеткені аттең болмаса,
Қонақжайлығы мен көңілі дархан баяғы.

Қадірменді аға, оралғанша енді жол амән,
Жырларың тусын туған жер жайлы жаңадан.
Жетпістің тойын еліңде тойлап жатырсың,
100 жылдық тойды осында тойла, ағажән.

1997 ж.

Бірінші жыр

(Мұқағали ағаға)

Жасын жырын оқығында ағаның,
Жапырақтай шықтанады жанарым.
Таланты тірісінде еленбей,
Шымға батты таусылғанда амалы.

Сырлы сезім-жырға толы жүрегі,
Көркем сөздің, жөргем сөздің пірі еді,
Қара өлеңнің қасиетін ұқтырған,
Бар қазаққа ол болмаса кім еді?

Тар заманның тас қамалын бұза алмай,
Жанын жеді қарсы ағысқа жүзе алмай.
Тірісінде топырақты шашқандар,
Мақтар қазір ұятынан қызармай.

Кездерінде әз жүрегі жылаған,
Ортасынан дос таппаған бұл ағам,
Ет жүрегін зәрлі мұңға ездіріп,
Алладан тек ақиқатты сұраған.

Жүрді әйтеуір ақын деген атты алып,
Мақталудан жүргені көп датталып.
Жүрегіне жол тапқанмен халқының,
Биліктінің беделінен шет қалып.

Ақынға өлең-әсте емес ермегі,
Ой, қиялы. Арман, мұңы, көргені,
Ардақталып, мадақталу үшін де,
Қажет пе екен ақындардың өлгені?!

2010 ж.

Екінші жыр

Ұқпады ма білмеймін құдіретін,
Тірісінде көрмеді сый құрметін.
Жүректен көз жасындай жылап туған,
Мұқа ағаның қалған жоқ жыры жетім.

Қай қазаққа қайтеміз күнә тағып.
Жүрді көп ақындардың бірі атанып.
Мәңгіге тоқтағанда жасын жүрек,
Кеш те болса ақынды Ұлы атадық.

Мұңайтады, кеткені мұңайтады,
Жыр ауылдың атады жылай таңы.
Ақын жанын түсінер ақын ғана,
Ақынды ақын айтпаса кім айтады?

Әуезді әсем жырлар әнге өрілді,
Ұлылар қатарына теңгерілді.
Тірісінде ортадан орын таппай,
Ол неге басқалардан кем көрінді?

Көкірекке жүретін сыймай тегі,
Жауабы жоқ бір сұрақ қинар мені.
Ақын аға тіріліп келер болса,
Қалың қазақ тік тұрып сыйлар ма еді?!

2010 ж.

Үшінші жыр

Көкорай керім көктемде,
Көк майса мамыр ішінде.
Гүл теріп жүрсің бөктерден,
~~Баяғы жылыт пішінде.~~

Мекені көлдің жағасы,
Сүйетін жүректерде сен.
Айдынға сурет саласың,
Көкала үйректермен сен.

Өмірге әсте тойды кім?
Болса да күні мұң, қайғы.
Ажалдың тосқан қайығын,
Жандарға жаның жылайды.

Жүрегің лаулап жанып мың,
Туады жылап жыр әнің.
Өзіңді келеді жарық қып,
Өлеңнен жаққан шырағың.

Жүректі әттең, талдырып,
Өткенсің бәрін ән қылып.
Мына әлем болса мәңгілік,
Жырларың сенің мәңгілік.

2000 ж.

Жыр ханшайымы (Фариза апай өмірден озғанда)

Өлең жырдың от анасы-Жыр апам,
Көңілімді енді кіммен жұбатам?
Қасіреттен қара ормандай теңселіп,
Көздің жасын құрғата алмай тұр Отан.

Қара сөзден қаймақ алған ханшайым,
Тек өзіңмен толушы еді толса айым.
«Бар қазақты қазақ етем» деуші едің,
Бұл сөзді енді кім айтады сәнсе айым?

Құмды ауылда құмды дауыл зәр төккен,
Мұң, қуаныш сіңген саған жөргектен.
Атыраудың толқынында бабалар,
Жыры шығар
Бесігіңді тербеткен.

Зарлы заман тілімдеген өзекті,
Қылау түсіп берген саған кезекті.
Исатайға қылыш берген Атырау,
Махамбеттей берген саған сөз отты.

Тұған тілін ұрандаған сөнді ұшқын,
Ақын апа-ай, қайтымы жоқ жолға ұштың.
Мына ортаңнан таппаған соң ұлылық,
Іздеп кеттің тереңінен ғарыштың?

Өмір бүрлеп,
Жатар түлеп жаңғырып,
Талай тарлан ақын туар таң қылып.
Бірақ сенің отты жырың Жыр апам,
Мәңгі еліңде жасары анық мәңгілік.

қаңтар 2014 ж.

Мұзбалақ

(О.Бөкеевтің аруағына)

Жиырма жылдай жоқсың біздің арада,
Жоқ деуіме бірақ ауыз бара ма?
Жабыққанды жақсылыққа жетелеп,
Жанымызда жүрсің дәйім Өр аға.

Жүдетпессің жүректерде боларсың,
Жырлап өткен тұрса мәңгі анау шың.
Жаның сұлу, сұлулыққа елгезек,
Жер кіндігі Алтай туған ағамсың.

Жасампаздық тұнған мөлдір сезімде,
Жасандық жоқ тұма тұнық сөзіңде.
Жалғандыққа мойын бұрмай кеткенсің,
Жауһар тағып тар дәуірдің тезіне.

Жебір күннің жетегінде кеттің-ау,
Жалыныңмен, жастығыңмен жоқ қылау.
Желкілдемей кетті бірге өзіңмен,
Жүрегіңді бүршік атқан көп шынар.

Жанарымда байсалды, ойлы тұр мүсін,
Жоқ емессің Өр ағам-ау тірісің.
Жас шағыңда ауылыңда жоғалтқан,
Жетім қасқа құлынды іздеп жүрмісің?

Жерімізде дәл біздердей. Көркі, құт,
Жасықсыз сан жан иесін өлтірдік.
Жабыққыннан жанын берді Керұғы,
Жарым жолда кеттің бе іздеп еркіндік?

Жайсаң жан ең санамаймыз өлдіге
Жоқтығыңа жүрген жай бар көндіге.
Жанға жақын Мұзтауыңда қалғансың,
Жасыны боп, Мұзбалақ боп мәңгіге!

Тойдан соң

Ардақты ақын аға Айбергенов,
Отырмын сен шақырған тойдан келіп.
Жүрекке от керек-ті отыңды алдым,
Отыңды алдым. Өзіңе жақындадым.

Кеудеңде білем, білем бұлақ тасып,
Жырларыңды барады жыл ап қашып.
Маңғыстау құмдарында жырларың жүр,
Мұнаралар басынан шырақ тасып.

«Жайықтың жағалай тал жағасынан,
Семейдің қарағайы арасынан,
Сағымды Сарыарқаның даласынан»;
Жыр іздеп от жүрегің аласұрған.

Сағыныштар жырыңда, сағыныштар,
Қанат байлап еліңе алып ұшқан.
Сағыныштар тоздырды жүрегіңді,
Ақын ең сұлулыққа жаны құштар.

Өлеңнің таңдап мінген жарау атын,
Жүрек аз дәл өзіңдей жана алатын.
Өзіңе ескеріткіш боп қалды мәңгі,
Ініге айтып кеткен «Аманатың».

Ақын ең жаны терең, арнасы от,
Өткенсің жасын жырдың алмасы боп.
Маңғыстау мұнайындай жасын жырлар,
Барады өміріңнің жалғасы боп.

1984 ж.

Қайран, Мүкең.

Мінезі ашық болмаса да жайдары,
Қияндарда жатушы еді ойлары.
Көп қой осы Ертісімде жақсылар,
Қайран Мүкең жақсылардың қаймағы.

Тар заманға жүргенімен жаншылып,
Тіл, дәстүрге ет жүрегін жалшы ғып,
Ұлттық рух үшін Мүкең күресті,
Соңғы демі біткенінше таусылып.

Сескенбеді ықтан соққан ызғардан,
Сескенбеді алдан тосқан құз, жардан.
Осы Ертісте туған тілді қорғаштап,
Отқа түсіп, кеудесімен мұз жарған.

Сондай адам әсте бізге керегі,
Бәйтерек-ті, асқар тау-ды ер еді.
Нағыз қыран Қадыр ақын айтқандай,
Нар кеудесін тасқа соғып өледі.

Айтар болса, айтар еді ащылау,
Енді өзіңсіз жол таба ма көш мынау?
Менменсінген жетесізді тұқыртқан,
Қайран Мүке, сенің орның бос тұр-ау.

Біз де бар айтар сөздер өтімді,
Бас бұра ма тақ мінгендер не түрлі.
Жанкештім-ау, сен кеткен соң Ертісте,
Қазақ тілі жетім қалған секілді.

Жүргеміз жоқ тау қопарып, тас жарып,
Жүрген жай бар көлеңкеден жасқанып.
Бас көтеріп айта алмаймыз базына,
Сөз ұқпастар үйер ме деп басқа бұлт.

Жыл өтіпті. Бүгін күнің дұғалы, ~~жүрегі~~
Айтқан ойың жүрек жылытып жүр әлі.
Тіл, дәстүрдің сен ең соңғы шынары,
Ақиқаттың сен бе ең соңғы шырағы?!

2011 ж.

Азамат ақын

Дәуір оған ақындықты жүктеген,
Ақындардан азаматық күткен ел.
Жыршы жолы басталғанмен бітпеген.
Өлі болсын жатар жыры жалғасып,
Ақын өмір шектелмейді нүктемен.

Өткен сонау қату қабақ заманда,
Тіл мен дәстүр байланған кез бағанға,
Аласұрып бас ұрып тас, тауға да,
Тұсау кесіп, томағасын сыпырып,
«Ертіс нұрын» сыйлап кеткен ауданға.

Әйгілі аудан байтақ Ертіс жерінде,
Жұлдыз көп-ті тұмшаланған көгінде.
Өткен күнмен шырайлы деп тегінде,
Тарихтан сан асылды аршып ап,
Қайта әкелді өмірге.

Қасіреті жатқан жанға теңдеп мұң,
Қызыл заман жусан дәмдес кермек-тін,
Ақиқатын ашық айтып нәубеттің,
Отсыз, оқсыз опат болған жандарды,
Дұға оқытып, ол қайтадан жерлетті.

Атқарғаны ұлағатты іс-тағылым,
Биіктігі азаматтық арының.
Жанарынан сөнгенінше жарығы,
Кенже тілдің жанкештісі, жалшысы,
Ендігінің ол кеткен соң бәрі мұң.

Сұм ажал-ай әкеткенсің кімді алып,
Көш бастайды, көрсетеді кім бағыт?
Тіл сүйгендер бодыра боп жүр налып.
Қай уақыттан тілі кемшіл Ертісте,
Өзі ашқан «Қазақ тілі» тұр жабық.

Көне Ертістің көк тоғайын аралап,
Жырлары жүр өзен бойын жағалап.
Рухы жүр ұрпақ ісін саралап.
Түсінетін жүректерде қалды аты,
Ақыны елдің, Азаматы-Мүбәрәк.

2014 ж.

Ақын ата

Өткен күнді толғап терең түсініп,
Сәбилерге жасаған ол кішілік.
Бала тілде сөздер айтқан аталы,
Билесің бе сен Мүбәрәк атаны?

Әділдіктің арман күйін шертеді,
Жазған жыры, жазған талай ертегі.
Туған елде әйгілі ата, атағы,
Білгенің жөн сен Мүбәрәк атаны.

Жазған еді жаңылтпашты, жұмбақты,
Жарқын шағын соның үшін ұрлатты.
Өлең сөзбен беретұғын батаны,
Ұмытпайық біз Мүбәрәк атаны.

Санамақпен сыныптардан әрі аттап,
Ержеткенбіз ақын атын мадақтап.
Есте ұстайық біз Мүбәрәк атаны,
Ұмытпайды сонда үлкен Отаны.

2011 ж.

Тәуелсіздік ақыны

Ауданда кәрі біледі, жас біледі,
Жырлары тау өзені тас тіледі.
Білдірмей алпыс жасқа келіп қапты,
Ертістің төл ақыны-Жастілегі.

Тіл, дәстүр құрсаудағы жыл болатын,
Қомдай, қомдай жүріпті жыр қанатын.
Жарқ етіп бірақ күнде шыға келді,
Егеменді елімен туған ақын.

Жырлары-заман жыры жарасымды,
Осы Ертісте жырлады сан асылды.
Мінезі бар ақ көңіл ақ пейілді,
Тіл, дәстүрдің майталман жанашыры.

Белгілі Керекуге бұл бір есім,
Жатқа соғар Исаның жыр сүресін.
Жыр оқыса айызың қанады бір,
Тыңдағандай Исаның Желдірмесін.

Адалдығы көрініп тұр ісінде,
Ақындығы шашының күмісінде.
Сый-сияпат, мақтауды, құрметтеуді,
Көргенің жөн көзіңнің тірісінде.

Иса рухы ұялаған жаныңа шын,
Шабытың жылдан жылға арындасын.
Әріптеске тілеймін қабыл алғай,
Ақындардың атасы Жамбыл жасын.

2001 к.

Үлгіліде түлеген..

Түтіні тік ұшатын түңдігінен,
Қазақтың жүзі емес мыңы білген.
Ертістің өңірінде өнер орда,
Дарын көп түлеп ұшқан Үлгіліден.

Қуана қол соғатын дос, жараны,
Аттары облыстан асқан әрі,
Өңірде қазағымның жыр өнері,
Желмая Иса атадан басталады.

Көкорай көк шалғына тұнса белі,
Тұлымды талантқа тұмса жері.
Осында суретші, ақын жазушы бар,
Бар тағы күміс көмей әншілері.

Туған жер табиғаты дарынды еткен,
Бөлісіп бойындағы барын көппен,
Қырық жылдай қаламды қару еткен,
Осы ауылдың тумасы Ғалымбек те.

Жүректен айтар ойы-дала, қырдан,
Сөз жүйелеп бастаған «Балдырғаннан».
Сүрленіп «Сарыарқаның самалына»,
«Аққұсты» да өкпеге қалдырмаған.

Қамшы сап талай жастың тай жырына,
Жүздірген қосымшаның «Айдынында».
Һәм «Шаһарды» ширатып шығарып ең,
«Найзатас» та бөленсін ай нұрына.

Өнердің белгі соғып әр тұсына,
Жеттің бүгін өмірдің жартысына.
Ентікпей, елпілдемей биліктіге,
Аяңмен келіп қалдың алпысыңа.

Кәрілік түйді деме қас қабағын,
Алпыс жас ақыл сыйлар бас қамалың.
Білерсің кемеңгерлік, кемелдік те,
Тура осы бас қамалдан басталарын.

Бақ тұнып базарыңа, тұрағыңа,
Жылдарың сын түсірмей сындарыңа,
Қаламды қылпылдатып қайрап алып,
Өрлей бер хакімдіктің шыңдарына.

2012 ж.

Жырларым менің

Жүректі тербетіп жайлы ағып,
Қиялым өлеңге жол шегер.
Серпіліп қаламын ойларым,
Мөлдіреп қағазға тамса егер.

Мейлі ол жарық көрмесін,
Жоқ шығар алаулы таңдары.
Ойлардан жанымның бөлмесін,
тазартып тұрса тек болғаны.

Болашақ күндерге жалғанып,
Өткенді еске алып толғанып,
Қашанда үйір тауға бұлт,
Өзіңмен жүрейін алданып.

1978 ж.

Мұң мен жыр

Кім біледі жанда қаяу, мұң барын,
Мұңдар, мұңдар саялайтын бұл бағым.
Қара түнде жүрегімді жұбатып,
Сол мұңдардан туады үзік жырларым.

Мұңдарымнан өмір мәнін тыңдадым,
Мұңдарыммен өмір әнін жырладым.
Жырларымның сегіз өрім қамшысы,
Жылат жанды бейуақытта мұңдарым.

1984 ж.



**СҰЛУЛАРҒА КІМДЕР ҒАШЫҚ
БОЛМАҒАН...**

Сұлулық

Ғашық болмай өткен жанды жек көрдім,
Сорлы-ау қалай жүрегіне шөккен мұң?
Ғашық болмау, сүйе алмау ешкімді,
Өмірде бос өткен күн.

Дүниенің кереметі жұпта әсем.
Сүйе алмасам қайғысын да жұтпас ем.
Мен өзіңе егер ғашық болмасам,
Қара тастай бәрін, бәрін ұқпасам ем.

Ақ қайыңның әсемдігін білмес ем,
Аппақ айдың жылы нұрын сезбес ем.
Қара шашты теңер ме едім түнге әсем?
Қарақатқа теңер ме едім көзді әсем?

Алау гүлдің нәзіктігін сезер ме ем?
Сол гүлді іздеп көктемде қыр кезер ме ем?
Саған теңеу табам тұнық көлден де,
Теңеу табам мың бұралған өзеннен.

«Алтайдағы кер маралдай керілген,
Екі аяқты тең басуға ерінген».
Тал бойыңды теңер ме едім құлынға,
Піскен шие көрер ме едім ерніңнен?

Жылдың әрбір мезгілінен жыр ұғып,
Сұлулыққа жүрем дәйім жылынып.
Сені сүйсем-туған жерді сүйгенім,
Табиғаттан сендегі бар сұлулық.

2000 ж.

Сұлулар-ай, сұлулар

Сұлусыңдар жүздеріңе тұнған ай
Өмір гүлі, өмір жыры қыздар-ай,
Бұл фәниден өтті ме екен ақындар,
Өздеріңді, көздеріңді жырламай.

Бөле жарман әдемісің бәрің де,
Керемет-ау сендер барда өмірде,
Өздеріңсіз түнгі аспанда ай туып,
Азаматтың күн шыға ма көгінде.

Табиғаттың дәл өзінен нәр алған
Жанды сүймей, кім бақытын таба алған?
Нәзік жандар тіршіліктің анасы,
Жұмыр жердің бақыты үшін жаралған.

Тау бұлағы сыңғырлаған күлкіңде,
Қара көздер жұлдыз шашып тұр түнге.
Өліп, өшіп сүйе алмасақ сендерді,
Мына өмірді сүю әсте мүмкін бе?

Дүниенің таусылмайтын жыр, әні,
Бір Алланың өзі жазған сыңары.
Жүрегіме сыйғыза алсам сендерді,
Құшағымда бүкіл әлем тұнады.

Жан жарымыз-өмірдегі қосшымыз,
Мұң салмайды көкірегі жасты күз.
Азаматтар арулармен бақытты,
Бақыт деген аруларсыз бос дыбыс.

2015 ж.

Аңсау

Құрақтар жасанып,
Қызыққа толды айдын.
Жанарға жас алып,
Өзіңді ойлаймын.

Қайдасың қаракөз,
қайдасың аруым?
Қиын-ау маған кез,
Жырақта қалуым.

Гүлдеді бау-бақта,
Гүлдеді дала кең,
Тұрасың аулақта,
Күнде мың барар ем.

Жадырап жаз өтті,
Жабырқап жетер күз.
Жұбатып жүректі,
Жолығар ма екенбіз?

1967 ж.

Сүйіктім

Үркітіп алам деп қорқушы ем,
Онда сен тым ерке киік ең,
Алдыңда сөз таппай толқушы ем,
Қалқатай, өзіңді сүйіп ем.

Жүзіңнен нәзіктік кетпеген,
Онда сен биік ең, биік ең.
Мен саған гүл алып жетпеп ем,
Бірақ та өзіңді сүйіп ем.

Көктемде бәйшешек гүл болып,
Көңіліңде көктеген шығармын,
Аяулы жаныңа жыр болып,
Жүректен кетпеген шығармын,

Арман боп, бір әсем ән болып,
Алысқа шақырған шығармын.
Қалдым ба енді жат жан болып,
Қалайша есіңнен шығардың?

1969 ж.

Мұң

Сырымды айтсам мұңайғаны деме сен;
Оңашада суретіңмен кеңесем.
Алты ай болды өзіңнен хат күткелі,
Мен жазамын, ал жазбайсың неге сен?

Қалауым ең таңдап алған көп гүлден.
Дәл осындай болатынын жоқ білгем.
Жүрегіңе жүруші едім тым жақын,
Қалайша тез ұмытылып кеттім мен?

1969 ж.

Сұлуым

Көктеменің айында,
Солқылдаған қайыңдай,
Жан едің-ау қымбатты,
Ай тұтылар сымбатты.

Қыпша белді тал мүсін,
Сұлулықта бар күшің.
Бір от тастап сезімге,
Ғашық еттің өзіңе.

Арман еді көкте ілсем,
Арман қуып кеттің сен.
Таудың қара тасындай,
Сырым қалды ашылмай.

Қайда кеттің, аппағым,
Жырсыз қалды бақтарым.
Жазылмаған хаттарым-
Жаз ұрлаған шақтарым.

Айтылмаған сырларым-
Ай тыңдаған жырларым
Содан, содан біл бәрін,
Содан, содан біл бәрін.

1968 ж.

Қайдасың сен (әні бар)

Бозбала шақ, аңғал бала кезім-ді,
Қададың да мөлдіреген көзіңді,
Жас жүрегім алғашқы рет дір етті,
Сен ояттың ұйқыдағы сезімді.

Қайырмасы:

Қайда жүрсің, қайда кеттің тәтті арман?
Кездеспейсің мен іздеген бақтардан.
Шыныменен жоғалтым ба айды әсем?
Қайда жүрсің, қайда кеттің қайда сен?

Сағындырған күндер қонып араға,
Кетіп едің қоныс ауып қалаға.
Қоштасарда бір ауыз сөз айта алмай,
Ақ аұмдақты қала бердім жағада.

Ғашық әнін жүрегімде тербеткен,
Махаббат-ай мөлдір едің сен неткен.
Ақ бейнеңді еске алумен жүремін,
Сендей жанды жолықтырмай жер көктен.

1971 ж.

Қош махаббат

Әлде күзде, әлде жасыл жазда ма?
Тыныш, тұнық күндерімнен мән қашты.
Менің сәби, пәк жаныма наздана,
Келіп еді махаббатым алғашқы.

Емен, талдар күнге көміп бұтағын,
Құстар шіркін қыздырған-ды ән бағын.
Мен де мөлдір әндерімді шырқадым,
Ал әндерде толы еді ғой арманым.

Шырқа әндерім, шырқап ұшшы алысқа,
Сонау алыс жұлдызды аспан естісін.
...Биік шырша түбінде мен қоштасқам,
Сүйіктіммен мәңгілікке кешкісін.

1971 ж.

Өткен күн-өшкен мұң

Қалқатайым, ақ жүзіңді бір көруді аңсадым,
Бір атыңды жүрегімнен қайталадым қанша мың.
Жүректердің тыншу таппай аласұрған шағында,
Бірге жаным өткізіп ек махаббаттың бал шағын.

Жоқ еді әлі жүректерде тамшы қаяу қара дақ,
Мына әлемнің қарасы да біздер үшін болады ақ.
Жасыл жазда Зайсан көлдің ақ құмдақты жағасын,
Самалындай жүруші едік емен еркін аралап.

Еске аламын оралмайтын сол бір алау шақтарды,
Тағдыр қатал жарқын сәтті құм жағада ап қалды.
Көлді нұрға шомылдырып алау күнді батырып,
Көлді нұрға шомылдырып атырушы ек ақ таңды.

Жүрегімде өшкен от та, өшкен шоқ та, өшкен мұң,
Қош бол бала махаббатым, қош бол жарқын жастығым.
Оралмайтын сол бір сәтті жабыққанда еске алып,
Ұясына күн қонғанша тұрам ұзақ кешқұрым.

1973 ж.

Жағада

Көгілдір аспан, үкілі құрақ көк айдын,
Албұртып жүрек жағаңда өтті талай күн.
Көк сиса көйлек, иықта көкшіл шелегі,
Жағаға суға келуші едің, арайлым.

Тереңнен мөлдір беретін едім су алып,
Жанатын жүзің тұрғандай менен гүл алып.
Жарқабына шығатын едің Зайсанның,
Көк құрағындай самалмен майда ырғалып.

Көгілдір аспан, үкілі құрақ, көк сулар,
Жүзетін еді айдында ай боп аққулар.
Сол шақты жырлы жүрекке мен де белгілеп,
Ізінді басқан белгілеп жатты ақ құмдар.

Көгілдір аспан, үкілі құрақ ақ толқын,
Тұрлауын таппай зымырап қанша өтті-ау күн.
Алғашқы жырым-алғашқы махаббатымды,
Айдын да, жаға, толқын да мәңгі ап қалдың.

Тағдырым солай, алыста сенен тұрамын,
Басқаға бақ боп, басқа үйдің жақтым шырағын.
Сен бойжеткен боп, мен жігіт болған сол шақты,
Жыр етіп саған айта ма әлі құрағың?

1999 ж.

Қысқы кеште

Сенсің, жаным сағындырған қысқы ұзақ кештерде,
Ғашық күйін шертер жүрек жырдың лебі ескенде.
Сен алмаймын. Бөтен жанға айырбастап кеттің бе?
Сені мендей сүйе алатын жоқ еді ғой еш пенде.

Жұдырықтай жүрегіммен шырқалатын әнім ең,
Мынау жырлы дүниеге антым боп қалып ең.
Үмітімді үзіп кеттің, үзіп кеттің қайтейін,
Бәрібір-ау хабар күтіп жүрем сеннен әр күн мен.

1970 ж.

Сурет

Аруым менің, арманым едің ән едің,
Бақытыма қалдым ба екен кешігіп?
Таба алмай мына жүректің емін- жан емін,
Бейнеңе жансыз қараймын ұзақ тесіліп.

Өзіңнен белгі-сыйлаған жалғыз суретің,
Мұңымды бөлер серігім осы көп күнде.
Қараған сайын мүжіліп төзім күн де, түн:
Жүректі мәңгі қинауға тастап кеттің бе?

Өзіңмен бөлер жазира мынау өмірде,
Армандар қанша қанатын қалған жаза алмай?
Кіреуке мұңым қамшы боп қамқой көңілге,
Үзіліп түсті жанардан моншақ төзе алмай.

1970 ж.

Алғашқы махаббат

Кейбір кез түседі еске,
алғашқы махаббатым.
Тұрсақ та бір көшеде,
Хат жазып, хат алатын.

Сұлу жоқ одан асқан,
Көктемдей көркем еді,
Жұпары қолаң шаштың
оятты ерте мені.

Жасыл жаз қоңыраулап,
Бәйшешек гүлдегенде,
Балалық шағымды ұрлап,
Әкеттің қыр, белеңге.

Күндері ғажап неткен,
Сағынтты бала күнім.
Өмірге ғашық еткен,
Қайда екен сол аруым?

... ..

Секілді дала гүлі,
Бөктерге біз келіскен,
Қызығын бала күннің,
Кездер-ай бір бөліскен.

Мекендеп түн құшағын,
Жүздің көл айдынында,
Сол нәзік сырлы шағым
қалыпты қай қырыңда.

Жыл ұрлап өтіпті күн,
Бар ұям-бар ошағым.
Алғашқы махаббатым-
Бақытты бала шағым.

1993 ж.

Қош, махаббат

Жылынып жылуына,
Шомылғам тұнығына,
Көзіңнің жәудіреген,
Ай мүсін көркем керім,
Елігім, еркем едің,
Кездеспей әттеген-ай қалдың неден?

Жабығып жүріп шалғай,
Кездесіп сыр аша алмай,
Жылаттық жүректі біз.
Арманды құрбан шалып,
Жүп болып ұша алмадық,
Сезімдер табыса алмай сөніпті егіз.

Нәзігім-дала гүлім,
Үздік-ау арман жібін,
Сөнді анық. Үміт сезем.
Гүл сезім жанып мұңға,
Біздерді жолықтырмай,
Ортада жатқан екен күтіп кезең.

Жырымды мұңмен өргем,
Сыйланбай гүлім семген,
Сарғаюмен қаншама кеш алмасты.
Шырқалмас әніміздей,
Емеспіз мәңгі біздер,
Қош енді махаббат, қош алғашқы!

2012 ж.

Махаббат астанасы (әні бар)

Аралап Алматының алма бағын,
Терген ем Көктебенің қызғалдағын.
Жастықтың алау құшқан шақтарында,
ҚазПИ дің бір сұлуын таңдағанмын.

Қайырмасы:

Есімде сауық кеш бәрі, бәрі
Есімде қаракөз жалындары.
Жүрсіндер күн сайын сағындырып,
ҚазПИ дің алмадай арулары.

Жаңбырлы гүл қаланың кеші күнде,
Бола ма кездесуден кешігуге?
Алматының түндері-ай екеуімізді,
Тербеген махаббаттың бесігінде.

Жиналған жігіт, қызға әр тараптың,
Бақыттын, арман жырын арқалаттың.
Алматы астанасы жастығымның,
Алматы астанасы махаббаттың.

1973 ж.

Алматының қоңыр күзі

«Қошын» айтып Алатауға, орманға,
Құстар қаққан жылы жаққа қанатын.
Білесің бе? Саған ғашық болғанда,
Алматының қоңыр күзі болатын.

Мұңаюмен күз сыйлаған түсіне,
Тымырсықтау тұрушы еді мақпал түн.
Сансыз, сансыз жұлдыздардың ішінен,
Қалқатайым, сені іздеп тапқанмын.

Сол бір сәттен бақыт тауып әр күннен,
Айрылғанмын тағаттан да, сабырдан.
Алматыда жиі жауған жаңбырмен,
Көздеріңнің тұнығына шомылғам.

Бөтен едік. Туған екі қиырда,
Табиғаттың кереметіне қарашы!
Анау бұлттай Алатаудың шыңында,
Енді жанбыз бір біріне жанашыр.

Құстар қаққан жылы жаққа қанатын,
Ағаштардан сары жапырақ жауатын,
Екеумізді кезіктірген мәңгіге,
Алматының қоңыр күзі болатын.

2009 ж.

Ертістің аққулары

(әні бар)

Ақ ерке самал желмен,
тербеліп көк құрағы.
Жүзеді айдын көлде,
Айдай боп аққулары.

Қайырмасы:

Көлімнің ақ тұмары,
Ақ ерке аққуларым.
Жүзесің айдыныңда,
Тербетіп Гәкку әнін.

Сол әні махаббаттың,
Жанда жүр шалқыл әлі,
Сендерге тартып әлі,
Ертістің аққулары.

Жылдардың жетегінде,
Зымырап өтті-ай көп күн.
Айтшы сен мекеніңе,
Қалайша қонбай кеттің?

Сағынды көл, құрағың,
Қай жерде қалдың бөтен?
Жоқ әлде сыңарыңды,
Жоғалтып алдың ба екен?

1997 ж.

Ертіс жағасында

Махаббаттың нәзік сырын айтады,
Жүрегімді тербеп жырлы ой тағы.
Шақырады ерке Ертістің жағасы,
Жүрші құрбым, бірге барып қайтайық.

Жатыр Ертіс ай жүзінен нұр ұрлап,
Ерке толқын ән тербейді сыңғырлап.
Біз туралы айтып тұр ма, шіркіндер,
Жапырақтар әлде неге сыбдырлап.

Күле қарап төбемізден ай жарқын,
(Махаббатқа кұә болған талай түн).
Сеземісің, тал, қайыңы тоғайдың,
Екеумізді секілді ме аңдайтын?

Самал желмен желбіреген етегі,
Толқындар-ай неткен тентек, ерке еді.
Білемісің менің бала шағымды ап,
Бұл толқындар түү Зайсаннан жетеді.

Ертіс, Ертіс баяу шымыр ағады,
Айдынында түнгі аспанның жанары.
Сүйкімді де, майда алақаныңдай,
Ерке толқын аймалайды жағаны.

2011 ж.

Түнгі бақта

Тасаланып бөтен көзден екеумсіз,
Маужыр бақты саялаппыз бекер біз.
Айналамыз махаббаттың бесігі,
Біздер мұнда жалғыз емес екенбіз.

Ай сұқтанып төбемізде асылып,
Жұлдыз жымың, ол да іздей ме ғашығын?
Сыбдырлайды мұңын айтып жапырақ,
ақ қайыңның бізді тұрған жасырып.

Бәрін, бәрін еміктірген, мұңайтқан,
Махаббатың мәңгі сөнбес нұр шамы.

2011 ж.

Бейтаныс келіншекке.

Қарындасым, таға көрме жасқа мін,
Жүрегімнің шоғын үрлеп қас қағым,
Ғашық болып қалдым білем, кеш мені,
60 жастың ұмыттым да асқарын.

Көздерің-ай мөлдір қара көздерің,
Еңкейгенде әттеген-ай кез келдің,
Алпыс жастың даналығын ұмытып,
Айтсам деймін жүрегімнің сөздерін.

Керімсің-ау, ернің піскен шие ме?
Шөлдеп келіп талып біреу сүйе ме?
Тал бойында тұнып тұрған сұлулық,
Сұлулықпен қымбат мынау дүние.

Ұятымнан кеттім демен асып түк,
Жылдар жебір жігерімді жасық қып
Мұқалтпаған.
Есім кетіп сүйем мен,
Сүйе білу бұл өмірге ғашықтық.

2011 ж.

Шофер қызы Ертістің

(Биғайша апайға)

Автокөлік рөлінде,
Атқан арай таңдарың
Сағыныш-ау бұл күндерде.
Алыс қалған жолдарың.

Қыз едің сен өмір гүлі,
Жан едің ғой намысты.
Күн де жүрдің, түн де жүрдің,
Жігіттерден қалыспай.


Әке көріп оқ жондың да,
Шеше көріп тон піштің.
Жігіттерден кем болдың ба,
Шофер қызы Ертістің.

Көлігің де асықтырып,
Махаббатты жол жырлап.
Талай, талай ғашық жігіт
Қалушы еді қол бұлғап.

Махаббатың мәңгілік мұң-
Асыл, нәзік арманың.
Ғашық болған сан жігіттің
Бірін ғана таңдадың.

Басқа бақыт дәулет қонсын,
Немереңе тон пішкін,
Денсаулығың мықты болсын,
Шофер қызы Ертістің.

2010 ж.



ЖЫЛДАР, ЖЫРЛАР...

Кейде

Тағдыр беттен қайтарды неше мені,
Өзім жетім, ой жетім емес еді.
Бала жастан келеді бағым жанбай,
Солай жазып қойғандай пешенемді.

Арқа сүйер ағаш жоқ, тірек шыбық,
Шеттетуден жан жылап, жүрек суып.
«Бөтенсің» деп бәлсініп жүргендерден,
Рушылдық сарыны тұр естіліп.

Тербеткенмен жүректі аяулы арман,
Заман ауып көңілде қаяу қалған.
Келер күнге көңілім күлті боп тұр,
Көңіл қалып менменсіген аяу жаннан.

Жігіттер-ай, осы ма білгендігің,
Азап болды жат жерде жүрген күнім.
Бар кінәм бір қиырда өмірге кеп,
Бар кінәм өздеріңмен жүргендігім.

Көп мұңдардан жаныма толған өлең,
Алысқа ұшып кетпейді ол да менен.
Томағасын сыпырмаған бүркітіңмін,
Қаншама қанатымды қомдағанмен.

1992 ж.

Мұң мен қуаныш

Бір жақсылық жалт етсе жаным күлген,
Бір жамандық естісем жаным жүдең.
Басымды бұғалықтан шығара алмай,
Тіресіп-ақ келемін тағдырыммен.

Білмен неден? Таусылмай шырғалаңым,
Жиі аралап кетемін мұң аралын.
Сол сәттер жүрегіме медет іздеп,
Еріксіз ұмтылады жырға жаным.

Мұң қуаныш екеуі кезектесіп,
Бірі өбектеп, біреуі өзек тесіп,
Осындайда қол сілтеп барлығына,
Бөтен жерден кетсем бе іздеп несіп?

Қайда қалды қол созған кешегі арман,
Білмен анық қандай күн тосады алдан?
Құр алақан, өмірден тұралатқан,
Өзімнен өзім сірә, қаша да алман.

Шуақ алып жаныма жетер кей күн,
Марқаямын, өмірге еркелеймін.
Жүрегіме шапағат шақ қонғанда,
Беу, тіршілік осы ма екен деймін.

Бір жақсылық жалт етсе жаным күлген,
Жарқырайды бозала таңым бірден.
Қуанышым, мұңым да, дәулетім де,
Тәңірімнен барлығы Тәңірімнен.

2010 ж.

Арайлы таңға асықпын

Алаңсыз едім қасымда толы достарым,
Арайлы еді, ақшуақ еді аспаным.
Абайсызда жасаған қияс бір қадам,
Арманды байлап апанға бірақ тастадың,
Алдымнан әттең осы ма еді тосқан күн?

Басыма содан бәлелі бұлтар үйріліп,
Бәрін де, бәрін көтеріп кетті құйын қып.
Бақ тайып бастан тұнжырап көңіл қалғанда,
Басылып қалған, тосылып қалған күйімді ұқ.
Базарын жайып жасай ма маған сый, Үміт?

Жалғасын табар үзіліп қалған әнімнің,
Жарасын жазар жаралы жадау жанымның,
Жүрегіме шуағын жылы қалдырған,
Жасын боп өткен алаулы күнді сағындым,
Жаутаңдап қалған жауқазын гүлді сағындым.

Келгенде көктем бәйшешек сыйлап жондарға,
Көгілдір көлге көкала үйрек қонғанда,
Көк дөнен көңіл көтеріп шырқау биікке,
Көзімді сүртіп, қарайлап өткен жолдарға,
Күйреуік мұңды сейілтем арай таңдарға.

2009 ж.

Монолог

Туған соң ей жүрегім, тоқтамағын,
Көреді көрмей сөнбе от жанарым.
Кеудем бір бастау жатқан ағын,
Көне елім қайта туған бұл шағыңда,
Жүректе барды қалай ап қаламын?

Жусанның ащы кермек сазын тыңдап,
Елімнің нұрлы болашағын жырлап,
Асау тау өзенінен ағын ұрлап,
Ұлылар ойларын жөргемдеймін,
Салғырттық сарынына жаным жылап.

Ризамын дін аман жүргеніме,
Бақ құман қызықпаймын жүлделіге,
Кеудемді төсеймін де түз желіне,
Түндерде қара мұнар көз ілмеймін,
Бір жұлдыз жанса екен деп жыр көгіне.

Дірілдеп тағдыр желдің өкпегіне,
Жете алмай Парнас таудың бөктеріне,
Қайран өлең кетер деп етпен бірге,
Мұңға батам.
Жырларым қаларма деп?
Шаң басып газеттердің беттерінде.

Тірліктің кірбіңі көп жеңе алмайсың,
Алаңдайсың қам көңіл алаңдайсың.
Жанбай жатып, бірақ та сөне алмайсың,
Туған жер көз жұмсам сен алақанда,
Әттеген мені бірақ көре алмайсың!

1991 ж.

Бос көңіл

Сырсыз, жырсыз көп күндерден түңіліп,
Күнәһарлы есір ойға жүгініп,
Кейде шіркін мұңды өшіргің келеді,
Зәһар судың ағын, көгін сіміріп.

Тұманданып, бұлдыр тартып текті өмір,
Енді міне, дүниеге тоқ көңіл.
Жарқын жаның жарқырайды жасындай,
Серпіліп те, желігіп те сәтке бір.

Осындайда жаным жайлау табасың,
Жаралы иттей жалайтұғын жарасын.
Зәһар судың арыны бар жалғайтын,
Жоқтығыңмен, тоқтығыңның арасын.

Көк тиыннан көріп жүрсең мұқтаждық,
Тұманды бас жеңілдетер жүкті аз ғып.
Әттегені, сезген бақыт уақытша,
Ертеңіне оралады мұқтаждық.

Күнін кешіп жүргеніммен пақырдың,
Ұлы өнерге жүрегіммен жақынмын.
Бала жастан жалаулы жырды жазғанмен,
Аты бар да, кітабы жоқ ақынмын.

Есір ойдың есіркеуін құп алып.
Жүрегімде жүрсін деп от тұтанып.
Өзегімді өртеген көп өкініш,
Өкінішті өшіруге жұталық!

2010 ж.

Өліара

Көкіректе жоқ қуаныш, жоқ мұңым,
Бір күйдемін бейтарап.
Ақ қағазға тесілумен өтті күн,
Тоқсан саққа ой тарап.

Жасын жырлар жалын құшып тұмайды,
Бұлт боп ұйып қалған-ау.
Жүрек шіркін тектен текке тулайды,
Әрекеті тал қармау.

Сезім жырсыз, жүрегімде ез үміт,
Бедеу ойлар қамшы емес.
Өліарасы көпке кеткен созылып,
Албұртқаным-жалшы елес.

Жауар бұлтын төбесіне үйірген,
Тауларымдай көк сеңгір.
Кешем нағыз бақыттының күйін мен,
Жаңбырлап жыр төксем бір.

Шомыламын жырларыма төгілген,
Енді өмірге мен ғашық.
Шаттық, думан, ұрыс, керіс өмірмен,
Кетем әпсәт жарасып.

2013 ж.

Іске сәт

Түлкі боп шапқан көбейіп жандар бүгінде,
Салмақты тартып кетті ғой өмір жүгі де.
Жабырқап жаның қара нар бөлің қайысса,
Төзімді мүжіп фәниден мынау түңілме.

Жандарды көрсең дәулетпен, байлық бақ құған,
Секілді бәрін уыстап қолға ап туған.
Өздері биік, сөздері сұйық тұрпайы,
Мұраттарды ізгі жанына дәйім жат қылған,
Түңілме!

Үмітің үрдіс оранып алып сағымға,
Шуағы жылтпай ататын болса таңыңда,
Алмас қылыш қынаптың терең түбінен,
Шыға алмай әттең байланып тұрса бағың да,
Түңілме!

Тұғырың қонған, көңілге толмай пәс шығып,
Сырт берсе достар кезінде жүрген дос қылып,
Қолыңда барда көңілін көптің тапқанмен,
Алдыңнан әсте шыға алмай жатса жақсылық,
Түңілме!

Қиналған сәтте бермесе досың қол ұшын,
Ғайбат бір сөздің жүректе қалса табы сұм,
Кіреуке көңіл айшуақ сәуле таба алмай,
Табалап жатса жақының және алысың,
Түңілме!

Сыйларым және сыйлайтын жандар көп демем,
Нан тауып жүрген жан емен әсте еппенен,
Өресі биік жаныңа жаныңа медеу пір тұтқан,
Көңілің қалса сыйлайтын жаннан, әттеген,
Түңілме!

Сылдырлап кесе туады кейде кикілжің,
Қоңсы боп шықсаң көңілін таппай жұртыңның.
Сезімтал жүрек тұлымды жырын туа алмай,
Сезімді мүжіп өтетін болса күн-түнің.
Түңілме!

Түңілме досым, өмірден мынау түңілме,
От жүрегіңді езгілей берме мұңды үнге.
Жігіттік нағыз биязы жанмен биязы,
Тәкәпар жанмен тәкәпар бола білуде.
Іске сәт!

1998 ж.

Күдік

...Языком залижет непогда, прожитой мой путь...

С.Есенин

Күпіршілік көңілді тойдырды ма?
Көз теліме біреудің байлығына.
Темір тордың ішінде еріксіздер,
Әзәзілі жолынан тайдырды ма?

Күнәлі-ау, болған болар ар ластанған,
Қысастық көрді ме екен жолдастардан?
Тұнжырап қарайды олар дүниеге,
Әзірейіл көзіндеі қапас тордан.

Күнә не? Халық мүлкін жеп қойған ба?
Ерегескен біреуге от қойған ба?
Ар, намысын таптаған ақымақтың,
кеңсесіне ашуын оқтай барған?

Күнәлі ме? Бір шөлмек арақ үшін,
Кітапқа енген атты ма дала құсын?
Немесе екі қолға ермек таппай,
Бір сорлыға жұмсаған қара күшін?

Тағдыры кеп нарықтың үлесіне,
Дәрмені келмей қалды күресуге?
Біреудің ала жібін аттап өту,
Қай заманда болмасын күнәсіз бе?

Ырыздығын іздемей төккен терден
Ол да отыр азды-көпті себептермен.
Қиындығы ауылдағы аңқау жанның,
Отырғаны қанды қол жендеттермен.

Лайлы шалшығың да, тұнық па терең?
Жүреді көп нәрседен сұып денем.
Нарықтың арнасында күнәсізден,
Күнәлі көп болар деп күдіктенем.

2000 ж.

Жастық

Әсет Шәріпұлы мен Рысбек Қасымұлына.

Шу асау ғой жөнелер қыратты асып,
Шуақ тасып жүрекке шуақ шашып,
Арыны асау жаныңа тыным бермес,
Жастығымды кетіпті жыл ап қашып.

Әттеген, білмей қаппыз өткенінде,
Қалды екен қай қыраттың бөктерінде?
Жарқырап маңдайымыз тұмаса да,
Алаңсыз өмір кештік көппен бірге.

Елеулі еңбек еттік терлеген ек,
Бай да, кедей болмадық елден ерек.
Күндіз, түні жүрсек те аттан түспей,
Жанға батар бейнет те көрмеген ек.

Шапқыладық өткенге қайрылдық па?
Аспанға шығарардай ай құдықтан.
Тегеруіні тізгін бермес қайран жастық,
Ойлау қиын. Шынымен айрылдық па?

Шапқылап коммунизм құра алмадық,
Заманмен біз де бірге тұраладық.
Мамыражай алаңсыз жастығыңмен,
Түсінде табысасың жылап алып.

Жабырқармын, жылармын, егілермін,
Мұң қайғы шығара ма көгіме күн?
Кешір дос, өтіп кеткен сол дәуреннен,
Қайыр сұрап жүргендей көрінемін.

Жастығың өте шығар құйын екен,
Өмір енді шертеді күйін бөтен.
Жастығыңда көрмеген бейнетіңді,
Қартайғанда көргенің қиын екен.

2005 ж.

Оралмас сәт

Тарқап кеткен базарың ғой-балалық,
Енді оралмас жанға мөлдір наз алып.
Қауышар ма ем сол күндермен қайтадан,
Мұң, қайғыдан, бар күнәден тазарып.

Ойын күнін-бақ күнім деп білетін,
Тал шыбықты «ат шүүім» деп мінетін.
Қайран шағым қараша сол ауылда,
Қалған едің.
Жадымда тек суретің.

Қара табан-айнымаған кебістен,
Қара шалбар ағайдікі кең пішкен.
Қара жолдың бұрқыратып шаңдағын,
Мал қайырған таныс қырдан, еңістен.

Көктемеде құба белден гүл теріп,
Күндер, күндер өте берді күнге еріп.
Ойын қуып, арман қуып, бақ қуып,
Қарттық жасқа жеткенді де білмедік.

Жастық қайда? Алаулаған беттері,
Қайда арулар сол жастықтың көктемі?
Өмір-өзен жайлап ағып арнамен,
Ешкімге де бермей кетті өткелін.

Қыздар түгіл ғашық болар періштең,
Жігіт едік сын сымбаты келіскен.
Таяқ ұстап бұл күндері тұрамыз,
Кешкі мезгіл мал қайтқанда өрістен.

Балалығың жанға маржан тізіпті ақ,
Кәрілігің жауар қабақ күзге ұқсап,
Қоңыр тірлік қоңыраулап жылжиды,
Өткен күнмен, жеткен күнді қызықтап.

2013 ж.

Достарға

Айырмастан дөп жігін ақ, қараның,
Жалпылдап ашылады жатқа жаным.
Алыстағы ағайын туысқанға,
Жанымда достар көп деп мақтанамын.

Бәрі жақсы әрине дін аманда,
Бірақ бәле біздерден сұраған ба?
Өздеріңді қалдым-ау бірақ танып,
Шыңырудың түбіне құлағанда.

Сол сәттер бөленіп жаным мұңға,
Қара түнді жамылып жыладым да.
Бос мақтау мен, өтірік көлгірсудің,
Сыбыры тек қалыпты құлағымда.

Бірі едім анам сүйген кекілдінің,
Жабырқадым, жүрегім жетім бүгін.
Қалың елден қасына дос таппаған,
Мен кейде Мұқағали секілдімін.

Тағдырым да келеді жасқап ұдай,
Жалғыздықты бермесін басқа құдай.
Бәле болса менімен кете берсін,
Тек сендер аман жүрші, достарым-ай.

2008 ж.

Сөкпеңдер мені

Алтынай Елубайқызына

Болмайды кімде баста мін,
Сабырды сарқып қас қағым,
Артықтау кетсем алдыңда,
Сөкпеңдер мен, достарым.

Жалқындап жанда жарқын ай,
Зәһәрләп кетсем тартынбай.
Кеудесін тіктеп кетті деп,
Сөкпегей мені, Алтынай.

Алыста жүрмін, сол ұайым,
Жүректе сендер әрдайым.
Біздерсіз жүр деп бақ тауып,
Сөкпеңдер мен, ағайын.

Ақылдылары табылар,
Ақылсыздары тағы бар.
Асылық кетсем абдырап,
Сөкпеңдер мен, бауырлар.

Тірлігім менің амалдау,
Осыған көңіл алаңдар.
Өмірде жүр деп жол таппай,
Сөкпеңдер мені, адамдар.

2012 ж.

Бақытым-жырым.

Бес мүшел артқа қалдырып,
Жастығым қалып көп күнде.
Өмірді жырлап ән қылып,
Пайғамбар жасқа жеткем бе?

Жақсының танып өресін,
Кегежу көргем басқадан.
Көресің бәрін, көнесің,
Болған соң жұмыр басты адам.

Келістіре алмай тұрмысты,
Басымды кейде тасқа ұрып.
Жүректен сол сәт жыр ұшты,
Қалмадым содан бастығып.

Жалғыз көп жүрдім жар бастым,
Шығам деп өнер шыңына.
Жол таппай ұзақ адастым,
Шыдадым өмір сынына.

Орнымды таппай шаршағам,
Уақытты алтын ұрлатып.
Еңкейіп жасым қалғанда,
Жыр сені таптым. Сол Бақыт!

2011 ж.

Бақыт деген

Бақыт жайлы көп айтады жұрт мына,
Не нәрсе өзі шындығында бар ма екен?
Әлде бұлттан биік ұшқан қыран ба?
Ал, оларға құз, қиялы тау мекен.

Шарап па екен жалғыз тамшы қалдырмай,
Жұтып алсаң тастайтұғын күйікке,
Бақыт деген қуар болсаң шалдырмай,
Шаң асатып кететұғын жүйрік пе?

Туған жерге жүрек әнін тыңдатып,
Аялаумен өтер болса жарқын күн.
Бәлкім білсем арман еткен бұл бақыт,
Жүрегінде әркімнің.

1971 ж.

Жаңа жыл кешінде

Жаңа жыл келді,
Ақ қардан алқа тағынған.
Ақ ұлпа көңіл, ақ киген өңір салып ән.
Ертеңге деген үмітім менің елгезек,
Жыр болып ұшты жанымнан.

Жаңа жыл келді,
Бабамның мініп тұлпарын,
Тұлпарды мінген тектілер болсын ұрпағым.
Өткенді ойлап түбінде жасыл шыршаның,
Болашақ әнін шырқадым.

Жаңа жыл келді,
Жамандық артта қалдырып,
Азаттық барда,
шақырған алға таң күліп.
Аспаным түстес көк байрағымның астында,
Жасай бер елім, мәңгілік.

Бір сеніп, жанып шыршада,
Түсті тұр шамдар.
Жоқ шамдар емес, шақырған алыс армандар.
Соқпақты жолдан сүрінбей өтсін үміттер,
Алдыңда биік самғаулар.

Жылан жыл өтті, жалғанның соғып сағаты,
Жылқы жыл жетті, қазақтың болған қанаты.
Түлігім текті тілімді қондыр тұғырға,
Келді ғой кезі бағы да оның жанатын.

Жаңа жыл келді,
Аязды арай таңы бар,
Жүректеріңді ізгілікке аппақ ораңдар.
Отаным аман, өмірім тыныш, күн нұрлы,
Тілеуім осы, Адамдар!

1-қаңтар 2013 ж.



АУДАРМАЛАР

66-сонет

Шекспир-Пастернак

Мен тірліктен қажыдым, жол соңы да,
Жаным жылап пақырдың тұрмысына.
Оңай-ау өмір сүру қалталыға,
Маңдай терлеп көрмеген тұмысында.

Күні туып озбырлар шықты алдыға,
Кімнен болсын адалдық қиын табу.
Билік, ақыл ақшаның тұтқынында,
Байлық, байлық тек қана сыйынарың.

Сыпайылық, биіктік қалқан, білдім,
Ақымаққа күнәсін жабу үшін.
Арамдығын жасырған дарқандығы,
Зұлымдықтың сойылын соғу үшін.

Кетер едім қоштасып бұл өмірден,
Десем де менің осы өліммен,
Жоғалса жұмыр жерден зұлымдықтар,
Бірақ жан табылар ма мұны құптар?

2000ж.

Теңіздегі тыныштық

(Гете-Плещеев)

Теңіз үнсіз тыныштықта,
Айдыны сұп сұр-қорғасын.
Тынымсыз мына тіршілікте,
Көңілі алаң жолдасым.

Еспейді самал, Тұсаған не күш?
Көк теңіз көрмен табысқан.
Бауырын жазбай толқындар үнсіз,
Келмейді хабар алыстан.

2000 ж.

Дұға

(Гете-Плещеев)

О, Құдайым, Жаратушым,
Күнәһәр жанмын көр мені,
Азап шегем, жаралы жаным,
Қасірет тілген кеудені.
Жаратушым, алдыңда сенің көп күнәм,
Жер бетінде күнәһәр мендей жоқ шығар.

Махаббаты саф таза, мөлдір,
Лаулаған жаны от, жалын.
Жасырып соны жандардан не бір,
Жүректе ғана сақтады.
Мен білдім бірақ бұрмадым мойын,
Кешірім етші соңыма.
Сорлаған жүрек күнәсі ауыр жаныма.

Ол тартып жүрген азабын жарқын,
Білгенмін. Осы, бүгін мұң.
Жаралы жанын жазар ем бәлкім,
Келмеді бірақ иілгім.
Жаратушым алдыңда сенің көп күнәм,
Жер бетінде күнәһәр мендей жоқ шығар.

Қиналды ұзақ, қиналды пақыр,
Мүжіді қайғы аз жанын.
Жаралы жанға ем таппай ақыр,
Қарсы солай ажалын.
Жаратқан ием, тыңдамай менің зарымды,
Азапта, қина күнәға толған жанымды.

2000 ж.

Махаббат құдіреті

(Гейне-Плещеев)

Жалықтым әбден жабықты жаным,
Еске алсам қимай өткенді.
Қызықты дәурен жоғалған бәрі,
Келместей мәңгі кеткен бе?

Қазір не қалды
қисынсыз қырсыз,
Сөнген бе әлде бұл жалған,
Құдайсыз өмір ұсқынсыз, нұрсыз,
Сайтанда тіптен жоғалған.

Қарасам қайда қаратүнек,
Аша ма мола құшағын?
Өмірге жүрсем табан тіреп,
Махаббат сенің күш, әлің.

© Ж. А. Жаңабаев

2000 ж.

Сенім

(Гейне-Плещеев)

Асық па досым, жырлардың мынау,
Тарылып тұрса өресі.
Жаттанды сөзден сезіліп тұрар,
Сұрықсыз күндер елесі.

Сабырды сақта.
Жоғалар мәңгі,
Қиындық толы өткен күн.
Жаныңда жатар жаңарып әнің,
Қызығыменен көктемнің.

© Ж. А. Жаңабаев

2000 ж.

© Ж. А. Жаңабаев

Пәктілік

(Гейне-Плещеев)

Сәбиім таза зердең де,
Сүйкімдім, көркем ақ гүлім,
Өзіңді алғаш көргенде,
Оралды маған пәктігім.

Ұйықтай сәби қомсынбай,
Жастығың болсын білегім.
Сақтасын пәк қып осындай,
Тәңірден сол ғой тілерім.

2000 ж.

Қоштасу

Гейне-Плещеев

Раушан гүлдің өңі боз,
Төңірек мұңлы неліктен.
Түсінемісің мұны дос,
Неге үнсіз қалған шегіртке?

Құс әні мұңлы, ұғасың,
Жүректі бір кез жұбатқан.
Аңқиды шөптен көр ісі,
Жұпарын қайда жоғалтқан?

Алқызыл күннің жарығы,
Неліктен жанды жібітпей,
Дүние тірлік барлығы,
Қалған ба қатып өліктей?

Құлазып көңіл қалам мен,
Мүмкін бе жақын дос табу?
Өзіңдей сырлас адаммен,
Қиыны маған қоштасу?!

2000 ж.

Шарықта!

Гейне-Плещеев

Жан жарың сеннен кетсе егер,
Өмірге қайта бол ғашық.
Омалып қалсаң от сөнер,
Барыңды алда жолға шық!

Кездессең көлге көгілдір,
Жағасы биік мұнар шың.
Тазартып мұңлы көңілді,
Біраз дос, бәлкім жыларсың.

Өрмелеп жақпар тасына,
Басына шықсаң мұнардың,
Естірсің сонда тосыннан,
Шақылын ащы қыранның.

Қырандай балғын денеңді,
Сезінсең болмас ағаттық,
Еркінсің досым
Төменде, аз ғана нәрсе жоғалттың.

2002 ж.

Тіршілік

Георгий Иванов

Оянсам қайта қабірде,
Көтеріп табыт тақтайын.
Алаңсыз едім әлгінде,
Тосады-ау алдан көп қайғым.

Тіршілік сары уайым,
Өмірде толы қайшылық.
Алдау мен арбау
Құдайым,
Не түрме, не қайыршылық.

...Шеткі бір үйде ауылдың,
Жарығы түскін бұлыңғыр,
Арқалап өмір азабын,
Шырылдап сәби туды бір.

2010 ж.

Жерұйық жігіттер

Жыр толғау

Көз салып қарар болсаң жан жағыңа,
Жоқ мұнда құзар шыңды таулары да.
Жасыл желең жамылған мидай жазық.
Егінді осы Ертіс аумағында.

Дархан дала, жазира киелі, кең,
Тыңайған бабалардың сүйегімен.
Геңіздей толқып жатқан егінді алқап,
Басталған ұлы Ертістің жиегінен.

Тағдырдың талай көрген қатау күнін,
Ұядай бір бұрышы Отанымның.
Күлімдеп егіндіктен шығады да,
Алаулап егіндікке батады күн.

Өтті өмір, түзік болмай баспалдағы,
Тауқыметтің өткізді бастан бәрін,
Қандай дәуір болмасын аппақ Ханға,
Ертістің қашан толы дастарханы.

Болашағым жап-жарық шымқай нұрлар,
Бәрі артта қалды деме сұрқай жылдар.
Тағдыр желі көтеріп кетпесін деп,
Дастарханды дөңгелеп қымтайды ұлдар.

Ертісте, дастарханның нақ төрінде,
Қазаққа төрден қымбат жоқ тегінде.
Бес жігіт белін шешіп қымтап отыр,
Үрлетпей қыңыр желдің өкпегіне.

Қазақы дархан мінез, балуан дене,
Бақ қуып бір қиырдан келген демен.
Ертістің төл тумасы абыройлы,
Жомарт жүрек, ашық қол Ерлан деген.

Мәрттігі алты алаш елге жетіп,
Өзі үшін, елі де үшін еңбек етіп,
Ерінбей тер төгудің арқасында,
Кәсібін алған жігіт дөңгелетіп.

Имандылық жанында бала күннен,
Заманға сай кәсібін таба білген.
Ауданға аты белгілі бір азамат,
Ибрагимов Құланұлы Қалауиден.

Байлығымен жүргенмен тамсандырып
Жұртына көрсетпеген торсаң қылық,
Жарты Ертіс көретін шапағатын,
Ақылды ағайынды Бейсенбинов.

Өзі жақсы адамды жат та жақтар,
Көлгірсімей, көпірмей елі мақтар.
Ерлан да, Қалауиден, Амангелді,
Асфандияр барлығы депутаттар.

Көрмеген жел сөздерге еліктеп бір,
Еңбегі осы Ертіске көрік боп тұр.
Көшеде, ауылда тас жолың болса,
Жол салған Жансұлтанов Серік деп біл.

Қызылжарда бір шеті дастарханның,
Бұл ауыл көп жігіттің ашқан бағын.
Қандай бір Ертіс үшін ауыр жылдар,
Бар ауылға бидайдың тосқан дәнін.

Айтар болсам, бүкпесіз тура шынын,
Жалғыз қамы емес бір басының.
Дастарханның бұл шетін берік қымтап,
Отырған Сапарғали Уәшұлың.

Көрді жұрт жоқ екенін ісінде ермек,
Қиырдан іскерлігін ұсынған кеп.
Аға ісін абыроймен жалғастырып,
Жүрген жігіт бауырым Исламбек.

Иса елі Ертісімде дара тұғыр,
Ортадан ойып орын алатұғын.
Дастарханның бұл шетін желге үрлетпей,
Ауылда Уайханов Маратың жүр.

Өзін мен жүретін ем көптен біліп,
Тар дәуір ел басқарып өткен жігіт.
Жігіт шағын ұрлаған биік тақты,
Кәсіпке айырбастап кеткен жігіт.

Келісті, инабатты, таза ары,
Белгілі қандай сынға төзе алары.
Северныйға ағайын сенімді бол,
Жүрген болса Әтимов Оразалы.

Бір жыртып ағалармен ел намысын,
Тигізіп туған жерге қолғабысын,
Жүсіпов Қабдолла жүр осы ауылда,
Диқаншы бабалардың жалғап ісін.

Алдында биік арман, мұраты бар,
Кәсіпте өз соқпағы, өз аты бар.
Қалалық, бірақ жерден нәсіп тапқан,
Төбелесте Жақаманов Болатың бар.

Іздеген төккен терден болашағын,
Еркін еңбек оятқан әр ошағын.
Дастарханның ортасын қымтап отыр,
Іргелі бір ауылым Ағашорын.

Еңбекқор бүтін ауыл жаппай бәрі,
Еңбектен мүмкін де емес бақ таймағы.
Бұл елде берекенің ұйытқылары,
Балғабай, Ербол, Қайрақпай, Бекпайлары.

Еселеп әр жыл сайын еңбектерін,
Ауылы үшін әлінше төккен терін.
Дастарханның бір шетін қымтап отыр,
Ленинде Қайыргелді, Ермектерің.

Ата білген азамат бата білер,
Бата білсе, байлығын тата білер.
Сүтке біткен қаймақтай бірлігі бір,
Осы ауылда ағайынды Закариндер.

Ертістің қиырында-құлада тұз,
Жақсы жандар туралы жүреді аңыз.
Шекарашы дермісің осы ауылда,
40 жыл Жылқыбайдай жүр ағамыз.

Жамандық, жақсылықты көріп көппен,
Инженер, директор боп терін төккен.
Келгенде бұл ауылға жігіт еді,
Дәл қазір ақсақалы болып кеткен.

Атаның тыңдап өскен өсиетін,
Түсінетін өнердің қасиетін.
Қайыр деген жігіт бар бұл ауылда,
Өзі де, отбасы да жыр сүйетін.

Ауданға, ауылына болған мақтан,
Күрестен талай, талай жұлдыз қаққан,
Дастарханның бір шетін берік қымтап,
Нұржан Усин кетпейді Қызылқақтан.

Мал өсіріп, жүр тағы баптай дәнін,
Ежелгі бұл бір мекен ат байларым.
Қоскөлдің тірілігіне тірлік қосқан,
Амантай мен Дүйсенов Айтбайларың.

Ақын атын жүрген жоқ кеміс қылып,
Егін мол, төрт түлігін өрісті ғып.
Ауыл даңқын асырған алты қырдан,
Аты мәшһүр ауданға неміс жігіт.

Кім не айтсын, ол жайлы бүгін мейлі,
Жел сөзге мойын бұрып, бүгілмейді.
Арқардың сақасындай алшы тұрған,
Жігітті Александр Миллер дейді.

Ат адамның қанаты бар аңызда,
Көрік беріп егінді даламызға.
Арқа шеті Бұланбай баурайында,
Мыңды айдап жүр Амантай ағамыз да.

Бабамның береке ғып қазанатын,
Жылқымен ұлтжандығын сезе алатын,
Егінмен аты шыққан Ертісімде,
Жылқымен шығарып жүр қазақ атын.

Бұл заманның түсініп мәнін, жайын,
Келешекке ұмтылған жаны дәйім.
Бағзы заман Ертіске орда болған,
Қызылағашты өрге тартқан Сағынбайың.

Егінді жер. Малына қыры жайлы,
Рас, туып тұрған жоқ бүгін айы,
Тоқтаның да толықсып күні шығар,
Аман жүрсе Шәкеннің Ыбырайы.

Ертемен әкесіндей қарап қырға,
Бидаймен арпа тұнған танаптарға.
Жер емген әке ісін жалғастырған,
Ұзынсуда Дәуітов Қанаттар да.

Көтере біл міндетті халық жүктер,
Еңбекқор ұлдарынан сарқылып па ел?
Ежелден егіні мол осы ауылда,
Бар тағы ағайынды Бәкіровтер.

Дәуір желі шайқамай босағасың,
Қуантқан жақсы істермен дос, алашын,
Дастарханның оң шетін берік қымтап,
Нық отыр байырғы ауыл Қосағашың.

Білмейтін қиындықтан жабырқауды,
Білмейтін бөтен баққа таңырқауды.
Осы ауылға 30 жыл тұтқа болған,
Кім білмес Сұлтанов Темірханды

Бақ қуалап кеткен тайып жолдан,
Ауылдан депутаттық айырмаған.
Кеңес алсаң ойыңа ой қосасың,
Кәрі тарлан Шәбенев Қайыржаннан.

Берекелі мекенге тұр айналып,
Берекелі істерден шырай тауып.
Панфиловтың көтеріп мәртебесін,
Жүрген жігіт бұл-Марат Уайханов.

Қарақұдық секілді жайлы ауылда,
Береке тірлік берді жайлауына.
Осы елден жетелі ер шықпаса да,
Жете боп жүр Оразбаев Сайлауым да.

Белгілі Қостомардың бұл тумасы,
Ағайын, туғандардың бүгін басы.
Ертістің тасын жүрген өрге сүйреп,
Ауданның ортан қолдай бір тұлғасы.

Ертісім-Жерұйығым егінді өлкем,
Жердегі жұмағым да, төрім де екен.
Алыс кетсем асығып ораламын,
Сағындырып ой, қырың, белің көркем.

Қырда бидай тербейді желің желкен,
Төрт түлігің төскейде, жерің өртең.
Бабаларым, аялап бақ, дәулетін,
Ұрпағына мирас қып берген екен.

Тәңір тірлік бергелі жерге жұмыр,
Бақыты ақ нанымен келген өңір.
Мәңгі елдікке бет алған Ұлы көштің,
Ырысы мол байсалды керуені бір.

Тәуелсіз ел. Болмайды күнде мұнар,
Жақсы істерді өтеді жырлап жылдар.
Ертістің ортаймайды дастарқаны,
Осындай еңбек сүйгіш ұлдары бар.

2005-2015 ж.

Молшылық жыры

*Ертіс пен егін-
егіз ұғым.*

Бозала таңнан алау күн жұтып арайын,
Бусанып жатыр,
Нұр сауып жатыр тоғайы.
Өзенді марғау күзетіп терек, көк талдар,
Самалмен ерке шырқайды әсем ән айдын.

Жиекте желмен еркелеп ойнап көк шалғын,
Толқыны тентек шашады үзік моншағын,
Тоғайда торғын, сайраған сансыз құстармен,
Көз нұрым талмай, көркіне мен де тамсандым.

Дастархан сынды беу, төсің қандай тегістік,
Шығыстан бастап батысқа дейін егістік.
Берекелі күзде теңіздей дала толқиды,
Егінге бітік айналып кетіп кеңістік.

Осы жер үшін, бабалар жаумен алысып,
Тізгінде қолы, үзеңгіде аяқ қарысып,
Ат үстінде айран, құрт бітіп қоржында,
Тоятын тапқан жалынан аттың қан ішіп.

Даланы осы тазартып қан қол жаулардан,
Ұрпағы үшін, шайқасып талай қорғаған.
Ғасырдың сонау белгісі болып төсінде,
Молалар қалған, төбелер қалған, дөң қалған.

Ал одан бері, сұрқия қызыл заманда,
Ауылдар қанша мола боп қалған даламда.
Миллиондарды, мылтықсыз майдан құрбаны,
Көсеге көктер көгіме қазір табам ба?

Бесігі сынып,
Береке таппай елінен,
Өзегі суып,
Рызық таппай жерінен,
Қарғысын айтып қырғын ап келген ғасырға,
Қасірет қуып, жерінен жұртым жеріген.

Тігерге тұяқ қалмаған кезде қорамда,
Қырылған жандар,-
жазылмай жатқан жарам да.
Бүгінгі мынау біз көсеп жатқан рызық,
Тата алмай кеткен солардың дәмі болар ма?

Төгілген қандар қыртысын жердің суарып,
Жетеді бізге, жыл сайын дән де, гүл алып.
Берері бекем,
Құнары өртең мекенім,
Солардан қалған бақ, дәулет бізге. Бұл анық.

Даланы сүю қазаққа қашан абырой,
Өткен күн есте,
болғанмен дәйім ауыр ой.
Жазықсыздардың қан, сүйегімен тыңайған,
Егінді дала ертістіктердің бағы ғой.

Таулар жоқ мұнда,
Шыңдары көкпен жүздескен,
Егінді дала,
Көкжиектермен тілдескен.
Дастарханымда киелі ақ Нан болмаса,
Жеміс, жидектің қадірін әсте білмес те ем.

Ақ наның мұнда,
атасы астың киелі,
Адамзат басын ханға емес, Нанға иеді.
Ақ нан деп айтса Ертістің атын қайталап,
Ертіс деп айтса ақ нан деп мұны біледі.

Суарып нәрмен өсірген күннің шуағы,
Бидай мен арпа өмірдің бітпес жыр, әні.
Дастарханыңда тоятты тауып Нан тұрса,
Даланың исі бұрқырап шіркін тұрады.

Сөгіліп қыстың көрпесі,
Көгінде жүзіп тұмса бұлт,
Балбырап, балқып бал төсі,
Жатқанда дала бусанып,

Мейірін төгіп тұр аспан,
Сәуірдің есіп саумалы,
Белдерді меңдей қар басқан,
Оятса көктем таңдары,

Шығады елім қыратқа,
Көк белден іздеп нәсібін,
Астықты дала мұраты,
Көрінің және жасының.

Сонау бір бағзы замандар,
Дәулеті кемшіл
дегенмен,
Бақытын тауып даладан,
Малын да баққан, жер емген.

Тынымсыз дала тірлігі,
Ұрпақтан тауып жалғасын.
Базарлы күнде бүгінгі,
Толтырған өмір арнасын.

Бабалардың да арманы,-
Даналардың да арманы,
Өмірдің білсең бар мәні,
Ертістің осы ақ наны.

Жерімнің осы-бар бағы,
Елімнің осы таңдауы,
Өмірдің білсең бар мәні,
Ертістің осы ақ наны.

Сондықтан ерте көктемде,
Шомылып күннің нұрына,
Ырысын іздеп бөктерден,
Шығады қырға жұмыла.

Шығады қырға ауылым,
Қарты да, балаң жігіті,
Арқалап жүктің ауырын,
Ертеңі күннен үміті.

Күндерді, күндер итеріп,
Тірлікті солай жалғайды.
Далада жүрсе тер төгіп,
Бақытсыз ешкім болмайды.

Өрелі болса жата ма?
Өр ұлы болып Ертістің,
Сәуірмен бірге соқалар,
Әрлейді жердің қыртысын.

Сәні мен әні жарасып,
Жатады марғау далам бұл.
Ақ бауыр бұлтпен таласып,
Қарайды көктен анау күн.

Еңбектің күйі шертіліп,
Тербейді дала бесігін.
Қанаты ызғар жел тынып,
Ашады ырыс есігін.

Атқанша таңы арайлап,
Батқанша күні алаулап,
Бидайын сепсе, жер айдап,
Түрленіп тірлік жаңармақ.

Жер жатыр жал боп тізіліп,
Өрілген бұрым тәрізді.
Даладан іздеп қызығын,
Диқаншы кезген аңызды.

Жаз жаңбырлы бола ма?
Болар ма екен молшылық,
Еңбегі биыл жана ма?
Төккен соң терді тамшы ғып.

Жатады көңіл көгінде,
Үміт пен күдік алмасып.
Күдігі тартып түбіне,
Үміті кеткен тауға асып.

Үмітті болу маңызды,
Көрмеген жөн ғой түңіліп.
Дәнімен бірге аңызға,
Терін де жатса сіңіріп.

Сіңіріп жатыр дәнімен,
Арманын, ойын.
Барлығын,
Өтеуі бұның бәрі де,
Дастархандағы нанының.

Тракторшы анау жұтып шаң,
Бір сүртіп тастап маңдайын,
Жылынып кеткен құтыдан.
Жібітіп алып таңдайын,

Шаршау ма оған.
Жанығып,
Тізгіндер қайта тұлпарын.
Сәуір мен майлы мамырдың,
Аңызда қарсы ап жүр таңын.

Тыныстауды әсте білген бе?
Ұйықтау да оған еркелік.
Жұлдызды, айлы түндерде,
Жүргені ерлік, дән сеуіп.

Зейнетін ертең көрмек ол,
Салады соған бар күшін.
Бәрі де, бәрі ерлер ғой,
Тер төгіп жүрген нан үшін.

Ұмытылып үйі, жар, таныс,
Қызықтан талай кеш қалған.
Молшылыққа жұртым, арпалыс,
Көктемнен сонау басталған.

Астығы өмірінің арқауындай,
Жер-ана болмап еді дархан мұндай.
Күз келіп қалған екен Ертісіме,
Сарғайып қырда пісті арпа, бидай.

Пісіпті сұлысы да, тарысы да,
Диқанның табыс қосар табысына.
Көктемде тамшылатып төккен тері,
Мөлдіреген масақтың әр басында.

Жасыл жаздың кеткенмен тарқап әні,
Әдеп пе?
Күн көзіне жалтақтаулы.
Арудайын сыланған күнбағыстар,
Әскеридің секілді қалпақтары.

Толқиды егін теңіз боп тербеледі,
Ғашық етіп өзіне, жерге мені.
Ертісім берекеңе Керекүдің,
Білмеймін қай өңірі тең келеді.

Тербеліп күздің қоңыр самалымен,
Күйге бөлеп манауыр даланы кең,
Нанның исі аңқыған аңыздарға,
Жүрегіме жыр іздеп барамын мен.

Масағы-масаты қыз қолын бұлғап,
Шақырады өзіне әнімді ұрлап.
Дестелері-ай теңіздің жал толқыны,
Көз тояды, кетеді жаным жырлап.

Барамын жүрегіме жыр табамын,
Егінім тұр теңіздей бұрқап әнін.
Жүрегіме жыр ұйытқан мына ырысың,
Жанарымда қалсын деп мың қарадым.

Мың қарадым. Айналам бітік егін,
Көңілдің көп күдігін бүтіндедім.
Жаратқан үйіп, төгіп бере салған,
Қабыл ап қамқой елдің мың тілеуін.

Жаз өтті сағым дала гүлге оранып,
Күз жетті күрең жүзін нұрға малып,
Жайланды жатағында ауыл арман,
Қырынан алтын дәнін жинап алып.

Наның бар.
Нан болған соң бола ма мұң?
Береке үшін жағамын жан алауын.
Биылғыдай көл, көсір дән өсірген,
Жарадың інілерім, ағаларым!

2013 ж.

Алтын ұя мектебiм

Ұстаздықта ұлылық

Еске алып, ойға орасам өткен күнді,
Ұялатам жүрекке тәтті мұңды.
Қарындаш, сиясауыт және қалам,
Қараша көп діңгекті мектебiмді.

Шым-шымдап көзiн ашқан бұлағымның,
Құлағымда байсалды тұрады үнiң.
Жадымдасың жаныма шырақ жаққан,
Алғашқы ұстаз ағай-мұғалiмiм.

«А» әрпiнен адалдық бастап атын,
Тек бiлiмде деушi едi күш-қанатың.
«І» әрпiнен iздетiп iзгiлiктi,
«Ұ» әрпiнен естiгем ұстаз атын.

Тоқтаусыз күн артынан жылысты күн,
Мен өзiңе ұқсауға тырыстым мың.
«Дүниенiң бiр кiрпiшi» боп қалансам,
Бұл сенiң жүректегi бiр ұшқының.

Жақсыларды бiлетiн танып төрден,
Жақсылыққа тұратын толып кеудең.
Ұқтырған сен Отанды сүюге де,
Ұқтырған сен тiлiмдi дәрiптеуге.

Жалықпай жақсылықты айта берген,
Әр сөзiңнен айшықты ой табам мен.
Зерделi деп өзiмдi ойлағанмен,
Жүредi екем, өзiңдi қайталаумен.

Рух деп ұғар болсам мұра-тiлдi,
Ақтаған болармын-ау мұратыңды.
Аруағыңа ақ шашты басымды ием,
Ардақтап ұстаз деген ұлы атыңды.

2009 ж

Қоштасу

11 күз, 11 қыс, 11-көктемім,
Байқамаппын қалай уақыт өткенін.
Арман құып, жырақтарға кетемін,
Қош бол менің, бала ордам-мектебім.

Ілім-білім теңізінде жүздіріп,
Қош ұстаздар, ұялатқан ізгілік.
Армандармен көктем күліп жанымда,
Қоштасу тұр көңілімді күз қылып.

Есігіңнен жырақтарға жол тарап,
Алыстарға әкетеді арқалап.
Қош бол менің бала шағым-мектебім,
Қош бол сен де алғашқы аппақ махаббат.

Нәзік мұң ба? Балалық пәк сезім бе?
Мөлдір тамшы ұялады көзіме.
Қия алмаймын,
қоштасамын бірақ та,
Қайта оралып келу үшін өзіңе.

2005 ж

Қош, ұстаз

Қарақұдық ауылында 40 жылдан астам
ұстаздық етіп, өмірінің 20 жылын дін жолына
арнап, дінді уағыздаған Б.Кәрімжановтың
аруағына

Білімді еді, білгір еді жан жақты,
Тәрбиелеп жөнелеткенсің аруақты.
Қаралы үйдің жеңілдет деп қазасын,
Алла саған осы жолды таңдапты.

Бірге бөліп, сан отаудың мұң, зарын,
Иман айтып, сабырлыққа шыңдадың.
Сүрелердің мәнін ұққан сүлей ең,
Исламды уағыздаушы діндәрім.

Жүретін ек мұғалім деп, Беке деп,
Ажал қатал алып кетті төте кеп.
Бара жатыр секілдісің жұмаққа,
Бақилық көп шәкіртіңді жетелеп.

Мына өмірдің таусқанмен өмір бұлағын,
Қалды артта балаларың-шырағың.
Бейіш болсын енді мекен тұрағың,
Қош бол ұстаз, қош бол аға, мұғалім!

2009 ж

Армысың мекетеп

Армысың мектеп,
армысың қара шаңырақ,
Бергенің қалған,
өрнегің қалған жанымда ақ.
Сезімдер толқып,
көзімде іркіп тамшы жас,
Балалық шағым алдымнан шықты жамырап.

Мектебім менің,
аз ұям-алтын бесігім,
Уызын емгем ізгілік толы төсіңнің.
Бала жүрекке ұстаздар жаққан алауды,
Келмейді менің, келмейді әсте өшіргім.

Мектебім менің,
көктемім менің-бал шағым.
Бақытқа толы өзіңде өткен қанша күн?
Сыңғырлап дәйім жетелеген арманға,
Құлын дауысты қоңырау үнін аңсадым.

Аңсадым сені,
армысың білім отауым,
Күлдір де, күлдір құлақта ән боп жатар үн
Апарған саған сүрлеуі сірі соқпақпен,
Өзіңмен, үйден басталар мынау Отаным...

Мектебім менің,
пәк төрім менің бал ордам,
Ізгіліктермен,
ізгі үміттерден жаралған.
Балапан қиял ұяда туған ақ үрпек,
Биікке ұшты қырандай қалқып сан арман.

Елімде жырау,
жерімде мынау кең ерен,
Кемел күн үшін,
келер күн үшін терлеген,
Күндерім жарқын, аспаным түнгі арайлы,
Мектебім менің,
сен жаққан жұлдыздарменен!

2014 ж

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Туған жер.....	7
Шағала.....	8
Құрбы қыздар.....	9
Сыныптастар.....	10
Сағыныш.....	10
Марқакөл.....	11
Мен туған жер.....	12
ЖАЗИРА ДАЛА, ӘЗ ҰЯ АУЫЛ.....	14
Төбелер.....	15
Қазақ елі.....	16
Сексеуіл.....	16
Домбыра.....	17
Тұлпардың мұңы.....	18
Арғымақтар.....	20
Ғажап дәстүр.....	21
Қыз қуу.....	22
Жігіттік.....	23
Шопан.....	24
Ауыл-арман.....	25
Ертістің ауылдары.....	27
Ауылыма келгенде.....	28
Ертіс.....	29
Қараөткел.....	30
Ынтымақ.....	32
Ата жұртың азабы.....	33
Туған ауыл.....	34
Қосағаш.....	35
Ағашорын.....	36
Қарақұдық.....	39
Ленин ауылы.....	40
Батыр ата мектебі.....	41
Кеңес.....	43
Ақын ата ауылы.....	44
Ауылымның ауасы.....	45

Бұланбай.....	46
Ертісім, еркем	47
(әні Салтанат Шәмейдікі)	47
Таймас баба.....	48
Жарқын жүзді Жарқынай.....	52
АРТЫНДА ХАТЫ ҚАЛҒАН.....	54
Ақындар, қайран ақындар.....	55
Абай	56
Сұлтанмахмұт	57
Махамбеттің мұңы.....	59
Ақынның ауылында	60
Желдірменің мекені	60
Айналдым аруағыңнан.....	61
Қараөткелдің қыраны.....	62
Бірінші жыр	63
Екінші жыр.....	64
Үшінші жыр.....	65
Жыр ханшайымы	66
Мұзбалақ.....	67
Тойдан соң.....	68
Қайран, Мүкең.	69
Азамат ақын	70
Ақын ата	71
Тәуелсіздік ақыны.....	72
Үлгіліде түлеген.	73
Жырларым менің.....	74
Мұң мен жыр	75
СҰЛУЛАРҒА КІМДЕР ҒАШЫҚ БОЛМАҒАН...	76
Сұлулық	77
Сұлулар-ай, сұлулар.....	78
Аңсау.....	79
Сүйіктім.....	79
Мұң	80
Сұлуым.....	80
Қайдасың сен.....	81

Қош махаббат.....	82
Өткен күн-өшкен мұң	82
Жағада	83
Қысқы кеште	83
Сурет	84
Алғашқы махаббат.....	84
Қош, махаббат	85
Махаббат астанасы.....	86
Алматының қоңыр күзі.....	87
Ертістің аққулары.....	88
Ертіс жағасында	89
Түнгі бақта	89
Бейтаныс келіншекке	90
Шофер қызы Ертістің.....	91
ЖЫЛДАР, ЖЫРЛАР.....	92
Кейде	93
Мұң мен қуаныш	94
Арайлы таңға асықпын.....	95
Монолог	96
Бос көңіл.....	97
Өліара	98
Іске сәт	99
Күдік.....	100
Жастық.....	101
Оралмас сәт.....	102
Достарға	103
Сөкпеңдер мені	104
Бақытым-жырым.....	105
Бақыт деген	106
Жаңа жыл кешінде	106
АУДАРМАЛАР	108
66-сонет	
Теңіздегі тыныштық.....	109
Дұға	110
Махаббат құдіреті.....	111
Сенім.....	111

Пәктілік	112
Қоштасу	112
Шарықта!	113
Тіршілік	113
Жерұйық жігіттер	114
Молшылық жыры	121
Алтын ұя мектебім.....	128
Қоштасу	129
Қош, ұстаз.....	129
Армысың мекетеп.....	130

Отпечатано в ТОО «Дом печати»
140000, Республика Казахстан,
г. Павлодар, ул. Ленина, 143
Год издания 2016
www.printhouse.kz